Жаттығулардың жүйелері, осы жүйелер арқылы әдіс-тәсілдік, психологиялық дайындықты дамытуға болады. Оның салалық жүйелері бір-бірлерімен тығыз байланысты. Бұлар былайша жіктеледі:

1. Жарыста көрсететін жаттығуларға, мысалы: ауыр атлетикада зілтемірді жұлқи және серпи көтеру, қайық есуде, байдарка, каноэ, атлетикада секіру, жүгіру түрлері және т.б. мұны спорттық жаттығулардың «түрі» деп айтуға болады;

2. Арнайы дайындық жаттығулары, мұны белгілі спорт түрлерінен нәтижелерге жетуге дайындық жаттығулары деп атауға болады;

3. Жалпы дайындық жаттығулары, белгілі спорт түрлерінде нәтижелерді жақсартуға көмектесетін жан-жақты жаттығулар тобы;

Медицина-биологиялық жүйе – бұл жүйені пайдаланбай спортта үздік нәтижелерге жету мүмкін емес. Олар: спортшының күнделікті режимді сақтауы, жеке бастың гигиенасы, спорттық құрал-жабдықтар мен жаттығу орындарының гигиенасы және оларға қойылатын талаптар, тамақтану, биологиялық заттарды, дәрі-дәрмектерді пайдалану, таза ауа (оттегі, иондалған ауа), су процедуралары, физиотерапия, сылау (массаждар, пневмомассаж, гидромассаж) және т.б.

Психологиялық әсер ету жүйесі, оның түрлі идеимоторлық жаттығулар (қимыл-қозғалыстарды қиялдау арқылы ойда бекіту), бұлшық еттердің реалекциясы, көркем және арнайы әдебиеттерден оқу, психогигиенаның талаптарын орындау.

Педагогикалық тәрбие жүйесі ең алдымен спортшының бойында елжандықты, патриотизмге тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының әнұранын жатқа айту, халықтың салт-дәстүрлерін сақтау, орындау, мемлекеттік мерекелерді, заңдрды қастерлеу, республикада тұратын басқа ұлт өкілдерін де құрметтеу.

Материалдық-техникалқ жүйеге жарыстар, жарыстағы және жарысқа дейінгі қолданылатын спорт құрылыстары, құрал-жабдықтар, тренажерлер, ақпарат құралдары, киім-кешектер эстетикасы, техникалық, байланыс аппараттары жатады. Құрылыстар мен құралдардың заман талабына сай, сапасының жоғары болуы, жоғары спорттық нәтижелерге жақсы әсер етеді. Спортшы киген киімдердің, пайдаланатын құрал-жабдықтары ыңғайлы, әдемі, жазда терлетпейтін, қыста тоңдырмайтын болуы шарт. Сонымен қатар спортшы өзінің өнерін қайталап көріп, қарсыластарының нәтижелері туралы мәліметтер алып отыруға тиіс. Олардың өнер көрсетуі теледидардан көрсетіліп, газеттерге жарияланып, олардың спорттық жолдары туралы кітаптар жазылып, фотоальбомдар шығарылып отырса спортшының ары қарай дамуына әсер етеді. Соңғы уақытта барлық елдерде компьютерлік диагностика кеңінен пайдалана бастады. Бұл арқылы спортшы ішкі дене мүшелерінің қайсысына күш түскенін, спорттық бабының деңгейін біле алады. Сонымен қатар спортшы қимылдардың дағдысын қалыптастыруда тренажерлердің де маңызы зор. Мысалы, жүзгіштердің, ауыр атлеттердің, ескекшілердің, жеңіл атлеттердің қимылдарында бұлшық еттерге нағыз жаттығу кезіндегідей күш түсіретін изокинетикалық тренажерлер қазіргі жаттығуларда кеңінен қолданыла бастады. Жаттығу жүйелерін жақсы білу спортшы үшін уақыттың да негізгі талабы [2].

Жаттығу қағидалары, бұл қағидалар спорт саласында бұрыннан қалыптасқан барлық спорт түрлерімен айналысушылар үнемі орындап отыруға тиісті заңдылықтар. Бұл қағидалар талай рет тәжірибеден өткен, олар жаттығуларды өткізудің негізі, талабы, заңдылықтары болып табылады. Бұл қағидалар белгілі педагогикалық қағидалармен бірлесіп, қабысып жатады. Осы негізгі талаптарды өзінің іс-тәжірибесінде бұлжытпай орындаған жаттығушы ғана үлкен табыстарға жетеді. Бұл қағидаларға мыналар жатады: *біртіндеп үйрену қағидасы, жан-жақтылық қағидасы, жекешілдік қағидасы, көзбер көздеу қағидасы, қайталау қағидасы.*

Біртіндеп үйрену қағидасы, педагогикада «қарапайымнан күрделіге» деген қағида бар. Бұл спорт жаттығуларында үнемі қолданылады. Қимыл-қозғалыстың алғашқы қарапайым түрі бірте-бірте күрделеніп үлкен шеберлікке ұласады. Бұған айлап, жылдап уақыт кетеді, спортшылар талай тер төгеді. Содан барып споршы Олимп биігіне көтеріледі.

Жан-жақтылық қағидасы, адам ағзасын дамуының физиологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып дене және жан дамуының ең жоғары сатысына көтерілу, бұл арада ми мен жүйке тығыз байланыстыа

болады.

Жекешілік қағидасы, үйреткен жаттығуларды спортшылардың барлықтары бірдей меңгеріп алып сол бойда орындап кетеді деп ойлау қате. Бұл әр спортшының бейімділігіне, қабілетіне, дене мүшелерінің ерекшеліктеріне байланысты нәрсе. Жаттығушы үйреткен кезде осы айырмашылықтарды ескеріп әр спортшыға оны бейімдеу керек. Шын мәнінде осы негізгі қағидалардың барлығы өзара байланысып жатады.

Көзбен көру қағидасы, жаттықтырушы қандай жаттығулар үйрететінін шәкірттеріне көзбен көрсетуі керек. Мұнда алдымен қажет қимылды өзі орындайды, басқаларға орындатқызады, суреттер, сызбалар, кинопленка арқылы көрсетеді, оның санасында бекуіне жағдай туғызады.

Қайталау қағидасы, бір рет орындаған жаттығу сол күйінде жатталып қалмайды. Әрбір жаттығу санада әбден бекігенше сан мәрте қайталанады. Орындалатын жаттығу неғұрлым жеңіл болса, соғұрлым жиі қайталанады, сосын әбден бекіп дағдыланғаннан кейін барып басқа одан да күрделірек қимыл-қозғалыстарға көшу керек. Қайталаулардың жиілігі мен олардың арасындағы уақыт кеңістігі (демалу) бір-бірлеріне тығыз байланысты. Шеберлік өскен сайын қайталаулар да жиілеп жаттығулар арасындағы уақыт та азая түседі.

Оқу орындарында сауықтыру топтары мен спорт секциялары неғұрлым көп ұйымдастырылған болса, студенттер сұранысы соғұрлым қанағаттандырылады және тәрбиелі ұжымының саны көбейеді. Ескере кететін жәйт ұжымнан тыс бірде-бір студент қалмауы керек.

Оқу орындарында студенттердің жан-жақты дене дайындығын қамтитын спорт түрлерінен, атап айтқанда, гимнастикадан, жеңіл атлетикадан, бокстан, күрестен, шаңғы спортынан, жүзуден, спорт ойындарынан және т.б. топтар мен секциялар құру ұсынылады.

Оқу- жаттықтыру сабақтары, спорт жарыстары және де басқа шаралар оқу күні тәртібіне сәйкес сабақтан бос уақытта ұйымдастырылады.

Спорт түрлерінен қоғамдық инструкторлар, жаттықтырушылар мен төрешілер арнайы ұйымдастырылған семинарларда белсенді спортшылар қатарында дайындалады, сонымен бірге оқу-жаттықтыру сабақтары мен жарыстарда оқып үйренеді. Олар туристік жорықтарды, шаңғымен сырғанауды, велосипед тебуді және де басқа көпшілік спорт шараларын өткізуге ұсынылуы мүмкін.

Спортта әдіскер мен команда капитандарының рөлі жоғары болады. Әдіскер ұйымдастырушылық және тәрбиелік қызмет атқарады. Оған бірінші кезекте оқытушылар (жаттықтырушылар), қоғамдық инструкторлар сүйенеді. Сондықтан жетекшілікке – беделді барынша дайындалған ұстамды, үлгілі яғни басқалар үлгі алатындай беделді спортшы сайланады [3].

Спортшылар командасы (гимнастар, жеңіл атлеттер, шаңғышылар т.б.) жарыстарға қатысқанда команда мүшелерінің арасынан капитан сайланады, ол барлық команданың үлгерімі мен ұйымдастыруларына жауапты болады. Команда капитаны спорт ойындарында үлкен мәнге ие болады. Ол командадан сайланып, оны басқарады. Жарыс кезінде капитанның айтқандарын бұлжымай орындалуы тиіс. Ол бір өзі ғана төрешімен сөйлесуге және өз командасының ойыншысын ауыстыруға құқылы. Команда капитаны кеудесінің сол жағына немесе сол қолына белгі байлап алуы керек. Алаңнан кетерде төрешіге ескертіп, өз орнына орынбасарын қалдырып кетуі тиіс.

Жетекшілер мен команда капитандарының міндеттері мыналар: жұмыс есебі күнделігін жүргізу, сабақ басталарда команданы сапқа тұрғызу, сабққа қатыспаушылардың себебін білу, кезекшілерді тағайындау. Кезекшілер сабаққа қажетті спорттық құрал-жабдықтарды дайындайды.

Жетекшілер мен команда капитандары оқушы-спортшылар сабаққа таза спорт киімімен, соған сәйкес аяқ киіммен келуін қадағалайды, оны орындамағандарға шара қолданады. Спортта маңызды рөлге ие болатын тұлға – команда өкілі. Жарысқа қатысатын әр командадан өкіл тағайындалды. Ол төртіншілер алқасына спорт түрінің ережесінде, жарыс туралы ережеге сай қаралған қажетті құжаттар мен аталған өтінішті береді. Өкіл қатысушылардың жарыс арасындағы және орын ауыстыруындағы үлгеріміне жауапты болады және әр ойыншының бүкіл команданың жемісті өнер көрсетуіне жағдай жасайды.

1.*Есмағанбетов Б. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Қарағанды, 1995*
2.*Тлеуов Э. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. – Шымкент, 2003*
3.*kk.wikipedia.org*

А.А.Абсатова – магистр, оқытушы, Абай атындағы Қаз ҰПУ
Спортшының дайындық кестесін құру

А.А.Абсатова – магистр, преподаватель, Каз НПУ имени Абая
Составление графика подготовки спортсмена

УДК 796 1799 (075)

КӨПЖЫЛДЫҚ СПОРТТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ІРІКТЕУ МЕН БАҒДАРЛАУДЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Б.Ж. Аязбаев – *аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Мақалада көпжылдық спорттық дайындық кезеңдеріндегі спорттық іріктеу және бағдарлау үрдістерінің сатылары қарастырылып, оның талаптары мен ережелері түсіндіріледі. Дарынды спортшыларды іріктеу үрдісінде спорттық іріктеу мен бағдарлаудың өзара байланысын зерттеу көзделген. Сонымен қатар, көпжылдық спорттық дайындықтағы спорттық іріктеу мен бағдарлаудың қағидаларына қайшы келетін кейбір келеңсіздіктер көрсетілген.
Түйін сөздер: көпжылдық спорттық дайындық, спорттық іріктеу, спорттық бағдарлау, жасанды жас, директивті жас, морфологиялық белгілер, бұлшық ет биопсиясы.

В статье рассматривается этапы спортивного отбора и ориентаций в процессе многолетней спортивной подготовки, а также подробно обьясняется его правил и требовании. В процессе отбора наиболее одаренных спортсменов изучается взаимосвязь между спортивного отбора и ориентации. Наряду с этим показано идущий вразрез принципам спортивного отбора и ориентации многолетней подготовки некоторые негативные тенденций.
Ключевые слова: многолетная спортивная подготовка, спортивный отбор, спортивная ориентация, искусственное омоложение, директивный возраст, морфологические признаки, мышечная биопсия.

This article discusses the steps of sports selection and orientation during long-term sports training and is explained in detail its rules and requirements. In the process of selecting the most talented athletes studied the relationship between sports selection and orientation. Along with this goes against the principles illustrated sports selection and orientation of the long-term preparation, some negative trends.
Keywords: long-term sports training, sports selection, sports orientation, artificial rejuvenation, age directive, morphological features, muscle biopsy.

Қазіргі заманның спортының нәтижелерінің деңгейі жоғарылығы соншалық, оған жету үшін спортшыға дамудың жоғары деңгейінде тұрған дене-күш және психикалық қабілеттеріне сай сирек кездесетін морфологиялық қасиеттерге ие болып, осы екі артықшылығы бір – бірімен біте қайнасқан болуы қажет. Алайда, мұндай ерекшеліктер тіпті барлық талаптарға сай тамаша қойылған көпжылдық дайындықтың өзінде өте сирек кездеседі. Сондықтан да, жоғары білікті спортшыларды дайындау жүйесінде спорттық іріктеу және бағдарлау мәселесі айрықша маңызды орын алады.

Спорттық іріктеу – белгілі бір спорттың түрінен жоғарғы нәтижелерге жете алатын неғұрлым дарынды да талантты адамдарды іздеу үрдісі.

Спорттық бағдарлау - спортшының қабілеттілігін, шеберлігін қалыптастырудағы жеке басының ерекшеліктерін зерттеп, және соны негізге ала отырып, жоғарғы спорттық шеберлікке жетудің анағұрлым тиімді бағыттарын анықтау.

Нақты бір спорт түрінде бағдарлау спорттық маманданудың белгілі түрін таңдауда көмектесуі мүмкін (спринтер - стайер, қорғаушы – шабуылдаушы ж.т.б.); көпжылдық дайындықтың жеке құрылымын анықтау, жүктеменің көлемі және жетістіктердің көбею екпіні; нақты бір спортшының спорттық нәтижелер деңгейіне шешуші түрде ықпал етуге қабілетті дайындылықтың және жарыстық қызметтің жетекші дәйектерін құру; спортшының жеке тұлғалық қасиеттеріне, машықтарына кері әсерін тигізуі мүмкін әдістерді жүктемелерді, құралдарды көре білу және т.б.

Осылайша, спорттық іріктеу - даңқты спортшылар дайындау үшін дарынды адамдар таба білу міндетімен айналысса, спорттық бағдарлау – үйрету, оқыту және жаттықтыру жүйесінде дайындықтың стратегиясы мен тактикасын анықтайды. Сондықтан іріктеу және бағдарлау спортшыны көпжылдық жетілдіру құрылымында бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Осыған сәйкес, іріктеу үрдісі бес кезеңге бөлінеді.

Іріктеудің әр кезеңі өзіндік сынамалары мен әдістерімен және бағалаудың дәлдігі сондай-ақ, қорытындылаудың сатылығымен ерекшеленеді. Егер де, іріктеудің бірінші кезеңінде жаттығушының антропометрикалық және морфологиялық мінездемелері үлкен рөл ойнаса, соңғы бесінші кезеңде бұл көрсеткіштер тіпті де есепке алынбайды, басты назар спорттық жетістіктерінің деңгейіне, жүктемелерінің көлемі мен мінезіне, спортшының психологиялық ерекшелігіне, олардың әлеуметтік жағдайына және

спортпен әрі қарай жаттығуды жалғастыру ниетіне байланысты болады. Спорттық іріктеудің әр кезеңінің өзінің міндеттері төмендегі кестеде бейнеленген.

№1 кесте. Спорттық іріктеудің көпжылдық дайындық кезеңдерімен байланысы

Спорттық іріктеу		**Көпжылдық дайындық кезеңдері**
Кезеңдер	**Міндеттері**	
Алғашқы	Спорттың нақты бір түрінде спорттық жетілдірудің қажеттілігін айқындау	Бастапқы
Алдын ала	Белсенді спорттық жетілдіруге қабілеттілігін ашу	Алдын ала базалық
Аралық	Жоғарғы жетістіктерге жету алу қабілетін айқындау жоғары жаттығу және жарыстық жүктемелерді көтере алуын көре білу	Арнайыланған базалық
Негізгі	Халықаралық дәрежеде нәтиже көрсете алу қабілетін айқындау	Жоғары спорттық нәтижелерге жету, жекебасының мүмкіншілігін барынша іске асыру
Қорытынды	Қол жеткен жетістіктерді сақтап қалу және оны көтере білуін анықтау Спорттық карьераны ары қарай жалғастырудың мағыналығын анықтау	Жоғарғы спорттық шеберлікті сақтау Жетістіктерді бірте-бірте төмендету

Спорттық іріктеудің әрбір кезеңінде спортшыны ары қарай дайындаудың қажеттілігі ғана емес, сондай ақ оның мінезі мен қабілетін, техникалық – тактикалық шеберлігінің күшті және әлсіз тұстарын, қызметтік дайындығын, қозғалыс сапаларының даму деңгейін, психикалық ерекшеліктерін толық бағалау, алдыңғы дайындық кезеңін яғни – оның бағытын, жүктеменің мінезі мен көлемін, олардың спортшының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкестілігін және т.б. талдауды жүзеге асыру жатады. Осының барлығы көпжылдық жетілудің кезекті кезеңінде спортшының дайындығын бағдарлауға негіз болып табылады.

Міне, осылайша, спорттық іріктеудің кезеңдері спорттық бағдарлаумен органикалық түрде өзара қабысып жатады.

Іріктеу және бағдарлау үрдісінде спортшы жайлы жеткілікті дәрежеде толық ақпарат алуға көмектесетін әртүрлі үлгідегі зерттеу жұмыстары қолданылады:

Денсаулық жағдайы және дене дамуының деңгейі;

Дене бітімінің ерекшелігі;

Биологиялық жетілуінің ерекшелігі;

Жүйке жүйесінің өзінділігі;

Спортшы ағзасының маңызды жүйелерінің қызметтік мүмкіншілігі және оны ары қарай жетілдірудің мүмкіндігі;

Қозғалыс сапаларының дау деңгейі және оны жетілдірудің мүмкіншілігі;

Спорттық техника мен тактиканы игеру қабілеті, қозғалыс дағдыларын қайта құра алуы;

Жаттығу және жарыстық жүктемелерді және қалыпқа келу үрдісін көтере алуы;

Бұлшықет – қимыл және кеңістікті - уақытты қызметке, жағдайды жедел түйсінуге және тиісті шешім қабылдауға психофизиологиялық қабілеттілігі;

Түрткілік, еңбексүйгіштік, табандылық, шешімділік, жинақылық;

Жарыстық тәжірибе, әріптеске немесе қарсыласқа және төрешілердің ерекшелігіне тез бой үйрету;

Спорттық шеберлік деңгейі және оны басты жарыстарға тән төтенше жағдайларда іске асыру қабілеті.

Спорттық іріктеу мен бағдарлаудың нақты бір кезеңінің міндеттері осы көрсетілген бағыттағы ақпараттардың рөлі мен маңызын анықтайды.

Осы бес этаптың әрқайсысында спортшылардың денсаулығының жағдайын біліп және бақылап отырудың маңызын кемітпеген жөн. Іріктеудің бірінші және екінші кезеңінде әсіресе жасөспірімдердің дене бітімі, жүйке жүйесінің ерекшеліктері, ағзаның маңызды қызметтік жүйелерін жетілдіру және дамыту мүмкіншіліктері жайлы ақпараттарды, жас спортшының спорттың белгілі бір түрін таңдаған кезде айрықша білген жөн. Себебі, сол арқылы болашақ мамандану анықталады да, көпжылдық дайындық үрдісін бағдарлау жүзеге асырылады. Спорттық нәтиженің деңгейі төтенше жағдайларда

неғұрлым жоғары нәтиже көрсетуге қабілеттілік, жарыстық тәжірибе, нақты бір жарыстардың шартты жағдайларына тез бейімделе білу қабілеттері іріктеудің төртінші және бесінші кезеңдерінде шешуші рөл атқарады.

Жалпы өмірде, әсіресе спортта адамның қозғалыс қызметі генетикалық жағдайға көбірек байланысты. Гендердің рөлінің үлкен екені сөзсіз, өйткені әрбір ген ақуыздың, ферменттің ж.т.б., синтезделу үрдістерін, ағзадағы барлық химиялық реакцияларды және оның белгілерін басқара отырып анықтайды. Геннің тамаша қасиеті ұрпақтан ұрпаққа жеткенде өзгермейтін тұрақтылығы және сонымен қатар биологиялық өзгеруге қабілеттілігі. Сондықтан да ол, ағзаның өзгермелігінің көзі болып табылады.

Сонымен, спорттық іріктеу және бағдарлау үшін спортшы ағзасының генетикалық конституциясының оның спортта жетістікке жету мүмкіншіліктеріне ықпалын анықтаудың маңызы зор.

Көпжылдық дайындықтың бірінші кезеңіндегі алғашқы іріктеу және бағдарлау

Бастапқы дайындық кезеңінде спорттық іріктеудің әдісі іріктеудің бірінші сатысының негізгі міндетімен анықталады. Демек, спорттық жетілдіру үшін балаға спорт түрін дұрыс таңдауға көмектесу керек деген сөз.

Бұл міндеттерді дұрыс шешуге баса көңіл бөлудің маңыздылығы балалар – жасөспірімдер спорт мектебінің, жекелеген жаттықтырушылардың жұмыстарының қарқындылығына ғана емес сондай ақ, әлеуметтік мағынада да білінеді. Неге десеңіз, спортпен табысты жаттығу бозбалаға өзінің табиғи талантын ашуға, сіңірген еңбегінің нәтижесін сезінуге және өзінің күшіне сенімділігін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар өзін өзі рухани бекітудің жолы болып табылады. Міне, осының бәрі болашақта қызмет түрлерінің бәрінде белсенді көзқараста болудың берік іргетасын қалауға негіз болады.

Баланың болашақтағы спорттық табысын анықтаудың негізгі себептері спортқа келгендегі жасы болып табылады. Әлемнің ең күшті спортшыларының көбі спортты ерте жас шағында бастаған. Дегенмен, жекелеген жағдайларда сол спорт түрі бойынша жас шеңберінен асып кеткен балалар спорттық үйірмелерге келген болса олардан бас тартуға болмайды. Даңқты шаңғышы Г.Кулакова спортпен 20 жасынан бастап айналысса, конькимен жылдамдыққа жүгіруден Олимпиада чемпионы Г.Степанская – 17 жасында, атақты велосипедшілер Н.Горелов, В.Каминский, А.Чуканов – 17 – 19 жастарында спортқа келгенін мысалға келтірсек те жеткілікті. Соңғы онжылдықта әлемнің көптеген елдерінің спорт мектептерінде жоғары жетістіктер спортын жасанды түрде «жасарту» тенденциясы байқалуда. Бұл балалар және жасөспірімдер спорт мектептерінің бағдарламаларында, ересек жастағы спортшыларға шектеулер енгізетін жарыс жүйелерінде жиі кездеседі. Тәжірибеде дәлелденгендей мұндай мәселенің салдары спортты тоқырауға ұшыратады. Бұл жағдайға мамандар жасанды «жасару» спорттық іріктеу және көпжылдық жетілдірудің қағидалы заңдылықтарын бұзуға алып келетініне алаңдап дабыл қағуда. Мысалы, В.И. Чудиновтың (1976) келтірген деректеріне қарағанда, тамаша ірі жетістіктерге қол жеткізген спортшылардың нақты жастары «директивті» жаспен (балалар және жасөспірімдерге арналған бағдарламалық жас мөлшері) 13 %- ға ғана сәйкес келеді екен. Спорттың басым көпшілігінің түрінде күшті спортшылардың көбінің нақты жасы «директивті» жастан 3-4 жылға жоғары. Осыған байланысты 6-7 жастағы балаларды спорпен жаттығуға тартуға көп акцент жасайтын балалар және жасөспірімдер мектебінің басшыларына мына жағдайды ескеру керек. Біріншіден, олардың спорттық қабілетін алдын ала ерте болжауға тырысу, бұл болжамның шындыққа жанасуын бірден төмендетеді. Екіншіден, қазіргі заманның спорттық дайындығының ерекшеліктері спортшы ағзасына үлкен талаптар қояды да, соның әсерінен спортпен жаттығуға тым ерте келген балалар түсінікті себептермен спорттан ерте кетеді. Шынында да, жиі-жиі бақылаулар көрсеткендей, 6-8 жасында жаттығуға кіріскен балалар, көптеген жағдайларда 15-17 жасында спортпен шұғылдануды қойып кетеді. Дегенмен, осы жас аралығы үлкен жетістіктерге жетудің оңтайлы кезеңі болып саналады. Соңғы уақыттарда әлемнің әр елінде жүзуге 3-5 жасар, тіпті көкіректегі балаларды үйретуге ұмтылу үрдістері байқалады. Ал, кейбір спорт мектептерінде спортпен шұғылдану үшін тіпті балабақшалардан балаларды тартуға тырысады. Балаларды жаппай сауықтыру міндетін шешу тұрғысынан жүзу немесе шаңғыда жүру, оларды үйлесімді дамыту мәселесіне оң көзқарас білдірген абзал болар. Алайда, қандай да бір жағдайда болмасын жасы кіші балалармен жұмыс істеген кезде олармен спорттық бағытта шұғылдануға болмайды. Бірақ, өкінішке орай тәжірибеде мұндай келеңсіз оқиғалар жиі кездеседі. Осы мәселе төңірегінде арнайы зерттеулер жүргізілген емес, алайда, жанама ақпараттар 4-6 жастағы балалармен спорттық жұмыстарды ұйымдастыру ісі нәтижесіз болып табылады және сондай ақ, оның ары қарай спорттық жетілуіне зиянын тигізеді. Тәжірибеде дәлелденгендей, жоғары жетістіктер спортына балаларды ерте емес, керісінше 2-3 жыл кеш әкелу керек.

Балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне балаларды жинаудың алғашқы кезеңдерінің қажетті шарты оларды спорт түрлерімен таныстырып, міндетті түрде бастапқы курстарын жүргізу керек.

Мүмкіндігінше, мұндай курс 30 сабаққа дейін жалғасқаны дұрыс болады. Бұл өз кезегінде балаларды тек қана өмірге қажетті дағдылармен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың болашағын бағалаудың тиімділігін де жоғарылатады. Жаппай үйрету болмаса спорттың әр түрінен қабілетті жеткіншектерді қабылдауда қателіктерге оңай жол берілуі мүмкін. Қабілеттерді анықтау кезінде мысалы, спорт түрінің техникасын тез игеретіндерге сүйене беруге болмайды. Тәжірибе көрсеткендей, алғашқы үйрету , оқыту кезінде аласа бойлы және тығыз денелі балалар спорттық техниканы басқаларға қарағанда үздік игеріп, тез жетіледі. Бірақ, көпжылдық дайындықтың бірінші кезеңдерінде ақ дәл солар аз перспективалы спортшылар ретінде азайып қалады. Олардың орнын алғашқы кезеңдерде техниканы игеруде епсіздік танытып көп қиналған, кейіннен спорттың әр түрінен жоғары санатты спортшылар атанатын арық, бойы ұзын балалар басады. Сондықтан бастапқы іріктеуде бірінші кезекте баланың өзгермейтін тұрақты белгілеріне баса назар аудару керек.

Бұл талаптарға басым түрде морфологиялық белгілер жауап береді. Н.Ж. Булгакованың (1986) зерттеулерінің нәтижесінде 11-12 және 16-17 жас аралығында балалардың өсу кезеңінде өзара тығыз байланыстардың бар екені белгілі болды. Ұлдар 12 жасында өзінің болашақ бой өсуінің шамамен 86%-пайзына жетеді. Спортшылардың болашағын бағалау үрдісінде «ересек бой» болжам көрсеткіштерінің басым түрі табан мен қолдың саусақтарының ұзындығы болып табылады. Бір қызығы, сонымен қатар жүктеменің көлемі мен бағыты жыл бойында спортшының бой өсуінің динамикасына әсер етеді.

Арнайы жаттығу және жарыс жүктемелерінің жоғары көлемі, әсіресе қажу кезінде, жас спортшылардың бойының өсуін тежейтін факторларға айналады екен. Салыстырмалы түрде жалпы бағытты және жаттығу аралығында үзілістер болып тұратын онша жоғары емес қарқындағы жаттығулар керісінше бойдың өсуіне ықпал етеді. Соңғы жылдары перспективалы спортшыларды іріктеу кезінде бұлшық ет биопсиясының берілген ақпараттары қолданылады. Себебі, бұлшық ет ұлпасының құрылымынан әртүрлі ұзындықтағы қашықтықта спортшылардың жетістіктерге жетуге алдын ала бейімділігі тәуелді болады.

1. В.Н. Платонов. Система подготовки спортсменов в Олимпийском спорте. Киев, 2004. 324-326 б.
2. В.П. Филин. Спортивная подготовка как многолетний процесс. 1995.
3. Э. Штрауценберг. Спортивная нагрузка и сердечная деятельность. 1974.

Б.Ж. Аязбаев – ХДСШ, аға оқытушы, Абай атындағы Қаз ҰПУ
«Көпжылдық спорттық дайындық кезеңдеріндегі іріктеу мен бағдарлаудың өзара байланысы»

Б.Ж. Аязбаев – МСМК, ст.преподаватель, Каз НПУ имени Абая
«Взаймосвязь между отбора и ориентации в этапах многолетней спортивной подготовке»

ОӘЖ:796,011,3:736,3.

ВОЛЕЙБОЛДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ, ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЛАР ҮРДІСІ

Ережепов Т.Т. – *Абай атындағы ҚазҰПУ 2-курс магистранты*
Болатқызы Ш. – *аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ*
Жүнісбек Д.Н. – *Биология магистрі, оқытушы Республикалық спорт колледжі*

Мақалада адам ағзасының қызметін нығайтып жақсартуда спорттық ойын волейболдың тигізетін әсері, алатын орны және спорттың осы түрімен шұғылданушыларға арналған ойын ережесі мен жаттығу үдісінде қолданылатын жаттығулар ұсынылған.
Тірек сөздер: ағза, спорт, волейбол, ереже, жаттығу.

В статье обобщены материалы о роли спортивной игры волейбола для укрепления здоровья,улучшения функции организма человека, правила игры и процесс тренировок для обучающих.
Ключевые слова: спорт, волейбол, организм, правила, процесс, тренировка.

The article generalizes the role of sports materials volleyball games to promote health, improve the function of the human body, the rules and the process of training for trainers.
Keywords: sport, volleyball, organism, rules, process, practice.

Спорт және қимыл ойындары – дене тәрбиесінің сезімталдыққа негізделген тәсілі, олар денсаулықты сақтауға және нығайтуға өте тиімді, соның ішінде спорт ойындарының ең қолайлы, кең тараған түрі – волейбол. Волейбол – еңбекші бұқараны дене шынықтыру және спортпен тиянақты айналысуға, белсенді демалуға, Президенттік сынақ тапсыруға тартудың күшті жолдарының бірі. Енді осы ойынның адам ағзасына әсері туралы қысқаша тоқталайық.

Ойын тактикасының қарапайымдылығы және доп үшін тікелей тартыстың жоқтығы волейболмен көпшіліктің жаппай айналысуына жол ашады. Ал волейболшылардың ағзасына түсетін салмақ мөлшері орташа деңгейде болады. Денеге аса күшті әсер ететін қимыл-жүгіру мұнда аз қолданылады.

Волейбол ойнау реакция жылдамдығын, ептілікті, төзімділікті калыптастыруға көмектеседі, тыныс жүрек-тамыр, бұлшық ет жүйелерін нығайтады, ой шаршауынан арылтады, жалпы алғанда ағзаға игі әсер етеді.

Волейбол адамды ұжымдық қимылға, жеке бас мүддесін команда мүддесіне бағындыра білуге, тәртіпті, болуға, өзгелерге дер кезінде көмекке келуге үйретеді.

Дәрігерлер мен дене шынықтыру, спорт мамандарының бір ауызды пікірінше, волейболдың емдеу-сауықтыру мүмкіндіктері орасан зор. Сондықтан осынау тамаша ойын әрбір мекеме, жоғары оқу орны, мектеп, демалыс орындарында берік орын алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Волейбол ойыны аумағы 9х18м алаңда өткізіледі. Ортадағы сызық алаңды екіге бөліп тұрады. Ортаңғы сызықтың үстіне екі бағана керілген волейбол торы орантылады. Тордың биіктігі ойыншылардың жасына немесе ұл не қыздар командасы болып ойнауына қарай әртүрлі болады. Жасөспірім ер балаларға арналған тордың биіктігі – 220 см. қыздар үшін 210 см. болады. Ойынға әрқайсысында 6 ойыншысы бар екі команда қатысады. Әр команданың ойыншылары өз алаңына ораналасады. Ойынға диаметрі 65-68 см., салмағы 250 гр-дық доп пайдаланылады. Бір команданың ойыншылары допқа үштен артық қол тигізуіне болмайды. Осыдан кейін доп тордан асырылуға тиіс. Сондай-ақ бір ойыншының допқа қатарынан екі рет қолын тигізуіне рұқсат етілмейді.

Ойынның барысында доп қай алаңға түссе, сол командада осы жолы ұпайдан ұтылған болып есептеледі. Допты ойынға қосу құқына ие болған қарсыластары сағат тілі бағытымен қозғалып, орын ауыстырады. Ойын осылайша жалғаса береді.

Қарсыласынан екі ұпай артықшылықпен жоғары ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

Жасөспірімдердің ойыны 3 кезеңнен тұрады. Екі кезеңде ұтқан команда жеңген болып есептеледі. Әр кезеңнен кейін командалар алаңдарын алмастырады. Шешуші кезеңдерде бір команда 8 ұпай жинағаннан кейін екі команда алаңдарын алмастырады.

Волейбол – елімізде кең тараған ойындардың бірі. Оның көпшіліктік сипат алуы волейбол ойынының ережелері мен қажетті құрал-жабдықтарының қарапайым және ойынның қызықты да әсерлі болуына байланысты.

Волейбол ойынының ереже-талабы мынадай айла тәсілдерден тұрады: оқушылардың орын ауыстыруы, допты бір-біріне беруі, допты ойынға қосу, шабуыл соққысы және оған тосқауыл қою.

Волейбол алаңының аумағы шағын болғанына қарамастан ойын кезінде ойыншы тек өз орнын ғана сақтап тұрмайды. Ойын кезінде қажетті жағдайға байланысты орын ауыстыра беруінің үлкен мәні бар.

Орын ауысытыру дегеніміз - техникалық тәсілдер мен тактикалық іс-қимылдарды шебер орындап шығу мақсатында командадағы ойыншылардың бір-бірімен орын ауыстыруы. Егер ойыншы бастапқы қалыпта қолайлы жағдайда тұрса, онда ол орын ауыстырулары да оңай орындайды. Ойыншының бастапқы қалпы оның негізгі тұрысы. Волейболшының ең қолайлы бастапқы қалпы-екі қолын шынтағын сәл ғана бүгіп, дененің салмағын екі аяққа тең түсіріп, кеудені аздап ілгері бейімдеп тұру.

Оқу-жаттығулар процесін жоспарлау мен ұйымдастыру әдістемесі

Арнайы спорт мектептері мен дене тәрбиесі мәдениетінің болашақ мамандарын даярлайтын оқу орындары оқушыларын волейбол спорт ойынының қыр-сырына қанықтыру – өте күрделі үрдіс. Олар:

Волейбол ойыншысына тән дене құрылысы, күш-қуаты және ұжымдық әрекетке бейімдігі бар жаттығулар таңдау;

Әрбір жаттығушыларға тән психологиялық ерекшеліктерді үнемі назарда ұстау;

3. 10-20 жас аралығындағылардың өсуі мен анатомиялық-физиологиялық құрылымын зерделі тексеру;

4. Болашақ волейбол спорт ойынын жете меңгерушілерге қойылатын арнайы талаптарды үнемі басшылыққа алу қажеттігі;

5. Жаттығушылардың ойын барысындағы атқартын функцияларын алдын-ала белгілеу;

6. Жаттығу жүйесін алдын-ала жоспарлай отырып оның нәтижесін талдау;

7. Алдағы болатын спорт жарыстарының мақсаты мен міндетін ойыншылар мен бірлесе отырып талқылау;

8. Жаттығушыларды үнемі дәрігерлік байқаудан өткізіп, оларға берілетін жүктемелердің организм мүмкіншілігіне үйлесімділік табуын қадағалау;

9. Жарыс-жаттығу кезеңі мен демалу және ширақ мерзімдері арасындағы органикалық бірлестіктің мерзімін белгілеу;

10. Машықтанушы жастардың болашақ үлкен спорттта биік тұлға дәрежесіне дейін көтерілуіне жағдай жасау.

Сөйтіп, көпжылдық жаттығушылар мен жаттықтырушылардың көздеген мақсатына жетуіне бірден-бір себепші жоғарыдағы аталып өткен кезеңдердің жүйелі, ізбе-ізділікпен бірігуінен болатын нәтиже екендігін ескертеміз.

Көп жылдық дайындықтарға арналған оқу-жаттығу үрдісіне байланысты құбылыс. Себебі, жаттығу-дәріс кезінде әрбір шәкірт-машықтанушы тапсырма алады, оны өз бетімен орындайды. Тапсырманың түрлерін жаттықтырушы алдын-ала жоспарлап, оның мүлтіксіз орындалуын қадағалап отырады. Жаттығушылар орындайтын ойын тәсілдері бұрынғы меңгерген техникалық жаттығудың күрделіленген түрі немесе бұрын меңгерген ойын элементінің жалғасы да болуы мүмкін.

Сол сияқты жылдық оқу-жаттығу кезеңі жылдың екі кезеңіне бөлінеді.

Мүмкін, олар күзгі-қысқы және көктем-жазғы уақыттар болады. Бұл кезеңдерге сәйкес оқу-жаттығу процесі негізгі үш мерзімдік болып бөлінеді: дайындық, жарыс және өтпелі шақ. Әрбір кезеңге тән жаттығу, ойын техникасын меңгеру, демалу мен ширау сияқты әдейі ұйымдастырылған оқу-жаттығу формалары бар. Машықтанушылардың спорттық жаттығушыға бапкерлер дербес жаттығуға тапсырмалар да беруге болады. Бұл – спортшының өз бетімен іздену жұмысының өте болымды формасы. Әрбір шәкірт-спортшы өзінің командалық ойында атқартын қызметіне байланысты әрекетін сапалы атқарудың тәсілін күрделендірудің әдістемесін өз бетінше меңгеруіне жағдай жасайды және оның ойын процесінде кездесетін, оқиғаға алдын-ала дайындығын қамтамасыз етеді. Жаттығушы-спортшылардың өз бетімен орындайтын дербес жұмысы командалық ойын өрнегін берік игеруге ғана мүмкіндік туғызбайды, ол жеке спортшының ойыншы ретін де құнды қасиеттерін өзін-өзі билеушілікті, ұйымшылдықты, өзінің түпкі ойына жету мақсаттылығын қалыптастырады.

Сонымен оқу-жаттығудың әрбір кезеңінің міндеттері мен мақсаттарын және формаларын таңдап алу, біріншіден, жаттығу міндеттеріне, екіншіден, оқу-жаттығу көлемі мен күрделілігіне, үшіншіден, командадағы спортшылардың жаттығу-спорттық мүмкіншілігіне байланысты.

Волейболшылар оқу-жаттығу процесіндегі басты тұлға, егер бапкер әрбір спортшыға жаттығу барысында дербес назар аударып, дер кезінде көмектессе, талапкерге зер салса, онда әрбір волейболшы өзін бапкердің сенімді шәкіртімін деп сезінеді, оның адамгершілік көмегін шын ниетпен кабылдайды. Осындай ынтымақтастық педагогикасы жағдайында барлық жаттығушылар шыныға білуді, ойын өрнегін өзі жасауды сүйеді, өзі таңдаған спорт түрінен болашақ қуаныш зор табыс, мәртебе күтеді.

Волейболшылар үшін әр жылдық оқу-жаттығу жұмыстарының нормаларының дұрыс орындалуы негізгі заңға айналуы қажет.

Сол сияқты, арнайы спорттық бағыттағы мектептердің волейболға машықтанушы топтарға арналған төмендегілердей құжаттардың болуы міндетті: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, оқу сағаттарының жылдық тізбесі, жеке топтардың командалық жеке дара және болашақ жоспарлары, жаттығу кестесі, сынақ-бақылау нормативтерін тапсыру кезіндегі нәтижелері көрсетілген құжаттар және жаттықтырушы бапкердің дәріс мазмұны жазылған қолжазбасы, ең кемінде бір айға арналған жұмыс-дәріс жоспары болуы қажет.

Волейболшылардың оқу-жаттығу процесіне кіретін-барлық жаттығу жүктемесі, ойыншылардың күш-қуаты мен шапшаң икемділігін арттыруға арналған дене шынықтыру дәрістері сол сияқты сауықтыруға арналған емдеу-демалу орындарында болу іс-әрекетін алдын-ала мұқият жоспарлауға бүтіндей тәуелді. Олардың ішіндегі ең негізгілері болып есептелетіндер: спорт түріне байланысты күш-қуатты арттыру міндеті, ойын техникасын меңгерту, тактикалық шеберлік мектебін үйрету, теориялық-интегралдық дайындықтар жиындықтары .

Болашақ волейболшы – шеберлер мектебіне қабылданатын спортшыларды дайындау барысында оларға қойылатын негізі талаптардың бірі, оның ұжымдық ойындағы жеке рөліне ерекше назар аударылу қажеттілігі осы жерде тәжірибелі бапкер «жалғыз шауып бәйге алмас, жалғыз ағаш орман емес», «Жалғыздың үні шықпас - жаяудың шаңы шықпас»- деген халық мақалының педагогикалық мәніне көңіл бөлгендері жөн демекпіз.

Волейболшылар дайындайтын мектептің әрбір жылы, белгілі сынақ, емтихан және болашаққа жолдама беретін оқу-жаттығу мектебіне айналғанда ғана көздеген нысанасына жетеді.

Мысалы, келесі оқу-жаттығу процесінің жаңа белестер мен биік тұғырға көтерілуіне арналған бапкердің жаңа бағдарламасы мен оқу жоспары, спортшының әрбір жарыстан кейінгі ой толғанысы яғни, жетістіктері мен қателіктерін таразылай келіп, өзінің алдына жаңа талаптар қоюға қабілеттілігі т.с.с.

Арнайы дайындық мектебінен өткен спортшылардың жылдық қорытынды нормативтер тапсырудағы көрсеткіштері екі жақтылық педагогикалық-спорттық мәселелерді шешеді. Олар, біріншіден, жаттықтырушының білімі мен өзі маманданған спортты меңгергендігін көрсетсе, екіншіден, жаттығушылардың өздері таңдаған спорт түріне деген сүйіспеншілігін және өз борышына деген адал ниетін де білдіреді, үшіншіден, спорт мектебінің педагогикалық ұжымымен басшылардың мемлекеттік мәні бар іс-шараны іске асыра алу қабілетінде көрсететін факторлар жиынтығы екендігі хақ.

Біз жоғарыда әңгіме еткен негізгі оқу-жаттығу процесінің өзекті көзі болып табылатын негізгі құжаттар спорт мектептерінің оқу жоспарлары мен оқу-жаттығу процестерінің негізгі кезеңдері көрсетілген үлгі-жобаны оқушылар назарына ұсынамыз.

Ескерту: Бұл оқу жоспарына өзгеріс енгізуге әрбір спорт мектебінің құқығы бар екендігін естеріңізге саламыз.

Ескерту: оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру кезеңін есепке алу әр жылдың қыркүйек айының 1-аптасынан басталады. Сол сияқты оқу-жаттығу мерзімімен оның бағдарламасына жеке облыстардың, аудандардың, қалалар мен елді мекендердің ауа райына, мектептегі құрал-жабдықтардың даярлығына байланысты мектептің педагогикалық кеңесі өзгертулер енгізуге құқығы бар екендігін тағы да ескертеміз. Сол сияқты игерілген әдістерден жаттығушылар қозғалыс әрекетінің нақты тәсілдерін құруға бейімделулері қажет. Мысалы, тордың алдында тұрып және секіріп волейбол добын өткізе білу қимылы сияқты. Сонымен қатар дайындық кезінде ойыншыға машықтанушылар торға теріс қарап тұрып та, секіріп тордан өткізіп доп беру элементтерімен де жаттығулар жасатқан дұрыс. Дайындық кезеңінің ең бір күрделі жаттығуы-алаңның қорғау шебіндегі кеңістігін барлай алу қабілетінің күрделенуі, оның қарсыластары алаңынан берілген допты қабылдауға машықтану және волейбол алаңының әрбір зонасын ыждағатты түрде меңгеру болып табылады.

Оқу-жаттығу кезеңінде жаттығушылар тек қорғаныста ойнау менен ғана шектелмей, оңтайлы-нәтижелі шабуыл шебін де меңгергендері жөн. Олар ойыншылардың келісімді бағытта орын алмаса отырып шабуыл сәтін ұйымдастыру, тез алма-кезек өз орнын ауыстырып отыру мүмкіншілктерін меңгерулері. Бапкерлер бұл кезеңде 2:1, 3:1, 2:2, 3:2, 3:3 сияқты ойын барысын шәкірттердің меңгеруіне жағдай жасаулары негізгі қажеттіліктердің бірі.

Жалпы білім беретін мектептердің X-XI сыныптарындағы дене тәрбиесі пәнінің өзіндік ерекшеліктері барлығын мұғалімдер зерделі түрде ұйымдастырулары керек. Себебі бұл сыныптар оқушылары спорт ойындарының бір түрімен тиянақты, зор ыждағаттылықпен шұғылдануға ерекше мән береді, сондықтан да олардың ойын шеберлігіне мән беріп, жүйелі, мақсатты жаттығулар ұйымдастыру мақсаты қойылуы міндетті. Бұл жастағы оқушылар психологиясына тән ерекшеліктер спорт ойындарының әдіс-тәсілін меңгерумен бірге оларға тән қимыл-қозғалыстардағы үйлесімділік, өзара келісімділік, ақыл- ой, сана - сезім және еріктілік сияқты қасиеттердің жүйелену кезеңдерінің бастау алулары. Сондықтан да мұғалімдер мен жаттықтырушылар бұл кезеңіндегі негізгі шарттардың бірі олардың ойын ережелерінің күрделі тәсілдерін үйреніп меңгерулеріне ерекше уақыт бөлулері болашақтағы олар іс-әрекеттерінің нәтижелілігін қамтамасыз ететінін ескертеміз. Оқушылардың волейбол ойыны дәрісін нәтижелі ұйымдастырудың бір пайдалы- тиімді түрі арнайы бағытта өткізілетін тәжірибе дәрісі болып табылады. Бұл кезеңде ойын-жаттығу барысында жан-жақты дамыту жаттығуларын тиімді пайдалану арқылы талапқа сәйкес тәжірибелер жинақталады, шеберліктері арттыратын жалпы спорттық жаттығулар түрінде өз беттерінше таңдауға мүмкіншілік алады.

Дене тәрбиесі мұғалімдеріне болашақ волейболшылар дайындаудың алғашқы бесігі мектептегі дене тәрбиесі дәрісі екендігін назардан тыс қалдырмауы қажеттілік демекпіз, себебі тек дамудың осы кезеңінде төмендегілердей сапалық өлшемдер бар. Олар: теориялық және әдістемелік білімдерді, айла-әдіс шеберлік деңгейін қамтитын бағдарламалық материалдарды меңгеру дәрежелері, дене шынықтыру, салауатты өмір салтын баянды ету.

1. Айрапетьянц Л.Р. Динамика тренировочных и соревновательных нагрузок высококвалифицированных волейболистов в годичном цикле подготовки. М.,, 1981,стр.23

2.Амалин М.Е., Шилов О.С. Методика оценки соревновательной деятельности в спортивных играх. - Теория и практика, 1980, N99, стр. 19-22.

3.Арестов Ю.М., Годик М.А. Подготовка волейболистов высших разрядов. М., 1980,стр. 127
4.Айрапетьянц Л.Р., Годик М.А. Ташкент -1991, стр. 152
5.Беляев А.В. Исследование тренировочных и соревновательных нагрузок в волейболе. М.., 1987, стр. 28
6.Беляев Н.А. Экспериментальное исследование специальной выносливости волейболистов. М. 1975, стр. 29
7.Бриль М.С., Клещев Ю.Н. Использование модельных характеристик волейболистов высшей квалификации для процесса отбора в спортивные школы, М., 1988, стр. 52

Ережепов Т.Т. Абай атындағы 2-курс магистранты, ҚазҰПУ
Болатқызы Ш. – аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ
Жүнісбек Д.Н. –магистр, оқытушы Республикалық спорт колледжі
«Волейболдың адам ағзасына әсері, ойын ережесі және оқу-жаттығулар үрдісі»

Ережепов Т.Т. Каз НПУ им. Абая 2-курс магистрант
Болатқызы Ш. – ст.преподаватель Каз НПУ им. Абая
Жүнісбек Д.Н. – магистр, преподаватель Республиканский колледж спорта
«Влияние волейбола для улучшения функции организма человека, правила игры и процесс тренировки»

УДК: 373.2.042

ПЕДАГОГТЫҢ ДАРЫНДЫ БАЛАМЕН ЖҰМЫСЫ

Каримова Р.Е. - *ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, Педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*
Гүлжазира Ш. - *Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 3 курс студенті*

Бұл мақалада дарындылық «Табиғаттан берілген ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сиы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау , ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататы нақтыланып көрсетілген. Дарынды деп өз қатарларынан әлдеқайда дамыған немесе ерекше бір зейіні бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттері бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі вундеркиндтер деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді - жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Дарынды балаларды анықтау- баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау өзекті мәселе екені баяндалған.
Тірек сөздер: дарынды, жеке дара , вундеркинд, дарындылық, қабілет.

В этой статья объясняется, что талантливость, это «Особая способность данная природой». Человеческое мышление, пытливость - это особый дар природы, данное всему человечеству. Но, все же точно показано, что природа не разделила этот дар всем одинаков, оодному дала много, другому поменьше, а третьему совершенно мало. Талантливыми детьми называют, тех детей, которые более развитые, чем свои сверстники, или имеют склонности (к музыке, спорту и т.д.). В быту, их чаще называют вундеркиндами. С психологической точки зрения, талантливость имеет два значения – общее духовное стремление и собственный талант. Определение талантливых детей, это – долгий процесс, связанный с анализом развития ребенка. Доложили, что постепенный, пошаговый анализ воспитания и обучения талантливого ребенка, является основным вопросом.
Ключевые слова: талантливый, еденичный, вундеркинд, талант, способности.

In this article speaks that talent, it "Special ability given by the nature". The human thinking, keenness is a special gift of the nature, given to all mankind. But, nevertheless it is precisely shown that the nature didn't divide this gift by everything is identical, to one gave much, another has less, and the third absolutely hasn't enough. Talented children call, those children who more developed, than the contemporaries, or have tendencies (to music, sports, etc.). In a life, them more often call child prodigies. From the psychological point of view, the talent has two values – the general spiritual aspiration and own talent. Definition of talented children, is the long process connected with the analysis of development of the child. Reported that the gradual, step-by-step analysis of education and training of the talented child, is the main question.
Keywords: talented, single, child prodigy, talent, abilities

«Қазақстан – 2030» стратегиясы анықтап берген және республиканың ғылым мен білім беру жүйесінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі – мемлекет үшін Қазақстанның гүлденуіне, егеменді еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлесін қосар білімді, мәдениетті жастарды тәрбиелеу. Осы жолдауда айтылғандай XXI ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстағы негізгі жетекші күш – «адамдар, олардың еркі, жігері, табандылығы, білімі». Бұл мақсатты орындау үшін республиканың ақыл – ойлы, шығармашыл әлеуетін өсіру қажет, дарынды балаларды анықтау мен дамыту үшін өркениетті жағдайлар жасау керек [1].

Барлық бала дарынды немесе өзіндік жеке дара ерекше қасиеті бар деген тұжырым педиатрлардың, педагогтардың, спорттық және көркем студиялардың маңызды мәселесіне айналды. Дарынды деп өз қатарларынан әлдеқайда дамыған немесе ерекше бір зейіні бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттері бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі вундеркиндтер деп те айтады. Психология көзқарасынан дарындылық екі мағына береді - жалпы рухани зейінділік және нақты дарындылық. Жалпы зейінділікті ғалымдар - жалпылау икемділігі, кез-келген тақырыпта әңгемелесу, мәселелерді шешу және өз тәжірибесінде үйрену деп тұжырымдайды.

Дарындылықтың бірден-бір белгісі - тілдің ерте шығуы. Әсіресе, егер бала бөлек-бөлек сөздерден қарапайым сөйлемдерге көшсе, бұндай балалардың сөз байлығы да мол, әңгімесі де мәнерлі болып келеді және олар сөздің реңі мен нюанстарын іштей сезеді. Сөйлемдері ұзақ және орынды. Көп балаларда әзіл-оспақ қасиеттері кездеседі. Олардың есте сақтау қабілеті жақсы дамыған, ойлау қабілеті де жан-жақты. Дарынды балалар әдетте 4 жасында хат таниды, оқи алады. Тәжірибелі психолог-мұндай баланы өткір көзқарасынан және өзінің ерекше іс-әрекетіне қарап көпшілік ішінен тез тауып алады. Егер үлкендер мен бала қарым-қатынасында сенімділік болмаса, ең үлкен дарын да танылмай қалады. Дарындылық, сол сияқты қарапайым зейінділік жылулық сүйіспеншілік және қамқорлық ортада ғана ашылады [2].

Н. Ожеговтың сөздігінде дарындылық «Табиғаттан берілген ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сиы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау , ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай таратыны да анық.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтіп, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі.

Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Дарынды балаларды анықтау- баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылып анықтау қажет.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт –бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Ұстаз болу жауапты да қиын мамандық. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Дарынды оқушымен жұмыс істейтін әрбір мұғалімнің көкейінде мынандай сан қилы сұрақтар тұрары сөзсіз. «Дарындылық, данышпандық, қабілеттілік дегеніміз не?», «Дарындылықтың пайда болу негізінде қандай себеп жатыр: қоршаған орта ма, тұқымқуалаушылық па, әлде тәрбие ме?», «Оқушы дарындылығын, оның әлеуетті қабілетін қалай анықтауға болады?», «Дарындылықты анықтайтын психодиагностикалық әдістемелердің қайсысы нәтижелірек, қайсысы тиімді?» , «Неліктен кейбір адамдардың (Паскаль, Моцарт, Гете, Архимед,т.с.с.) қабілеті ерте жасында байқалады, ал тағы басқа біреулердікі (Ньютон, Гегель, Дарвин, Менделеев, декарт, т.с.с.) ересек жаста пайда болады?». Осы сұрақтарға талмай жауап іздеп және соны таба білген мұғалім ғана дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жасай алмақ [3].

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Оқушының дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр пән мұғалімі өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қойды:

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;
2. Жан-жақты ақпараттандыру;
3. Коммуникативті бейімдеу;
4. Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету;

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда мектеп ұстаздары мынандай жұмыс түрлерін қолданады:

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құрады;
2. Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасайды;
3. Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал етеді;
4. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құрады;

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ұстаздар мынандай мәселелерге баса назар аударады:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;
2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;
3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;
4. Білім беру мекемелерінде дарынды оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға;

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. өкінішке орай дарынды баланы анықтау, дамыту, оған қолдау көрсету қазіргі уақытта білім жүйесіндегі қолға алынып жатқан өзекті мәселе екеніне қарамастан еліміздегі жоғары оқу орындары осындай категориялы оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау мәселелерін нақты әрі мақсатты қарастырмаған. Мектепте мұғалімдер мен психологтердің дарынды оқушылармен жұмыс істеу тәжірибелері жеткіліксіз. Дарынды оқушыны анықтап, дамыту және оқытуға арналған ғылыми - әдістемелік оқулықтар тапшы. Сондықтан әрбір мұғалім өзінің жинақтаған және семинарларда алған тәжірибесі деңгейінде ғана оқушымен жұмыс жасайды. Ал бұл дарындылық мәселесін шешуге қиындықтар туғызады. Сондықтан арнайы дайындықтан өтпеген мұғалімдер дарынды оқушымен жұмыс жасаған кезде мынадай келеңсіз жағдайларға душар болады:

- көптеген жағдайда олар дарынды оқушыға немқұрайлы қарайды және олардың ішкі жан дүниесіне үңіле алмайды;
- тіпті дарынды оқушыларды жақтырмайтын да жағдайлар кездеседі, себебі олар оның беделіне қауіп төндіреді;
- дарынды оқушының ерекшелігін, қажеттіліктерін және онымен жұмыс жасаудың кешенді диагностикалық әдістемелерін білмегендіктен дарынды оқушыны анықтауда төмен нәтижелер көрсетеді.
- Дарынды оқушылар мұндай мұғалімдер үшін тек қана оқу жағынан ғана емес, сонымен қатар тәрбие саласында да қиындықтар туғызады.
- Олар оқушы дарындылығын дамытудағы ғылыми зерттеу жұмыстарының қажеттілігін сезінбейді.

Ал біліктілігі жоғары немесе арнайы дайындықтан өткен мұғалімдер өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді.

- дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөледі және сол бағытта талмай жұмыс жасай алады;
- олар дарынды оқушыға қосымша тереңдетілген бағдарламалар жасай алады және олардың өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңестер бере алады;
- жұмысқа қажетті материалдар мен тиімді әдістерді таба біледі және жұмыстың мақсатын нақты қоя алады;
- оқушыға дұрыс бағыт бағдар беру арқылы оның ғылыми зерттеу жұмысымен айналасуына көмек жасай алады;
- педагогикалық үрдісті диагностикалау жұмысын жүргізе алады және оларды бір-бірімен байланыстыра алады;
- дарындылықты анықтауды әр түрлі психодиагностикалық әдістемелерді, ал дамытуда оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын тиімді қолдана біледі [4].

Дарынды оқушымен жұмыс істейтін мұғалімге қойылатын педагогикалық психологиялық талаптарды мынадай бөліктерге бөлуге болады.

1. Мұғалімнің бағыт бағдарына байланысты талаптар:

- дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі;
- оқуышыны жақсы көруі және қабілеті жоғары оқушылармен жақсы қарым-қатынаста болуы;
- дарынды оқушымен жұмысқа тұрақты қызығушылық танытуы және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздеуі;

- дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;
- дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылуы;

2. Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандар деңгейінен жоғары деңгейде білуі;
- қызмет нысанын, яғни біріңғай педагогикалық үрдісті білуі;
- оқушы дарындылығының моделін білуі;
- жеке тұлға теориясын, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілін білуі;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білуі;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлуі;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

3. Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс жасай білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны зерттеуге психодиагностикалық күнделік жүргізуі;
- оқытудың инновациялық технологияларын, дифференциалды әдісін қолдана білуі;
- оқушылармен қарым-қатынасын психологиялық тұрғыдан сауатты орната білуі;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы;
- дарынды оқушының ата-анасына әр түрлі педагогикалық психологиялық кеңестер беруі.

Сондай ақ, дарынды оқушымен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби «бейнесі» мынандай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зерттеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби біліктілігіне жаңа, жоғары талаптар қояды. Тіпті оның кәсіби жетілуіне өзгеше емтихан болып табылады [5].

Мұғалімнің дарынды оқушымен жұмысқа дайындығының қалыптасуының мәселесі арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ал қазіргі жағдайда республиканың әлеуметтік экономикалық дамуы үшін интеллектуалдық әлеуетті арттыру аса қажет. Сондықтан мұғалімдер арнайы курстар арқылы бағыт бойынша кәсіби деңгейін жоғарлатуы тиіс.

1. *Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық баяндамасы// -Астана*
2. *У.В. Жексенбаева, А.К.Сатова Педагогика и психология одаренности школьников.- Алматы, 2002.*
3. *Н.Д.Иванов, Н.Д. Хмель, Н.Н. Тригубова Научно –практические основы профессионально-педагогического самообразования.- Алматы, 1995.*
4. *І.Халитова.Әлеуметтік педагогика. –Алматы: Білім, 2007.*
5. *Л.Н.Нарықбаева. Научно-практические основы подготовки будущего учителя к работе с одаренными детьми. //Автореф. к.п.н. 19.11.01. Алматы.2001. 26-б.*
6. *Даумов Н. Ғ. Дарынды балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру// Дарын. – 2004. – N 3.- Б. 59-67.*
7. *Одаренность// Педагогический мир.- 2003. - N 8.*
8. *Айтбаева А. "Дарынды бала" мәселелері. Ұлағат. - 2005. - №3. - Б. 90-93*
9. *Қоңырбаева К. Дарынды балаларды оқыту мәселелері. Қазақстан мектебі.-2000.-N3.*
10. *Аманжолова Ж. Дарынды балалармен жұмыс. Бастауыш мектеп. - 2005. - №1. - Б. 27*

Каримова Разия Елеупановна, Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты, Жалпы, жасерекшелік және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ. Raziya.1966@mail.ru

Педагогтың дарынды баламен жұмысы

Работа педагога с одаренными детьми

ӘӨЖ: 61(574)+796/799

ДОПИНГ ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҒЗАҒА ТИГІЗЕР

ӘСЕРІ

Н. Төлегенұлы –*магистр, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Мақалада допинг қолданудың шетелдегі тәжірибелері және олардың ағзаға тигізетін әсерлерін анықтау мәселері қарастырылады. Сонымен қатар Қазақстанда Дене шынықтыру және спорт туралы допинг жөніндегі жаңа заң жобасы (8-тарау) Дене шынықтыру және спорт саласын кадрлық, ғылыми және медициналық қамтамасыз ету және допингке қарсы бақылау. 44-бап**.** Спортта допингті, допингтік субстанцияларды және (немесе) әдістерді пайдалануға қарсы іс-қимыл бөлімдері көрсетілген.

Тірек сөздер: Допинг түрлері, стимуляторлар, есірткелік анальгетиктер, анаболиктер, диуретиктер, қан допингі, фармокологиялық, химиялық және физикалық манипуляциялар, ХОК.

В статье рассматривается проблемы практики использования допинга в зарубежных странах и определение его влияние в организм. В проекте нового закона о допинге глава 8. Статья 44 в Казахстане в сфере физическая культура и спорта в кадровой, научной и медицинского обеспечения и излагаются части действия против использования допинговых субстанций и допинга в спорте.

Ключевые слова: Виды допинга, стимуляторлар, наркотические анальгетики, анаболики, диуретики, допинг крови, фармокология, химические и физические манипуляций, МОК.

The article deals with the problem of doping practices in foreign countries and the determination of its influence in the body. The draft of a new law on doping chapter 8. Article 44 of Kazakhstan in the sphere physical culture and sports in personnel, scientific and medical support and outlines the of the action against the use of doping substances and doping in sport.

Keywords: Types of doping stimulyatorlar, narcotic analgesics, anabolics, diuretics, blood doping, pharmacology, chemical and physical manipulations of the IOC.

Допингтер – спортшылармен жасанды, еріксіз түрде оқу-жаттығу процесі және спорттық жарыс кезеңінде жұмыс белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын дәрілік препараттар.

Допинг түрлері:

Стимуляторлар – адамның миына әсер ететін, денесінің жұмысқа деген қабілетін (ойлау қабілетін де, күш-қуатын да) үйлестіретін заттар. Спортшылар мұны шаршағандықтарын басып, күш-қуаттары көпке дейін жоғары деңгейде болуы үшін қолданады. Сондай-ақ салмақ кууға да жақсы көмектеседі. Зиянды әсерлері – қан қысымын көтереді; ашушаң қылып, күйгелектікке түсіреді; бұған үйренісіп-бейімделіп кету ықтималдығы басым; тамаққа деген тәбетті жоғалтады; жүрек қағысына кері әсер етеді; кеуде мен бас ауырады; адамның бойы дірілдейді.

Есірткелік анальгетиктер – бұл ауырғанды басатын, адам ағзасына қатты әсер ететін заттар. Спортшылар мұны шаршағандарын басып, жарақаттарының ауырғандарын білдірмеу үшін қолданады. Осының арқасында олар жарақаттарына қарамай, жарыс-бәсекені, сайыс-доданы одан әрі жалғастыра береді. Зиянды әсерлері – бұған үйреніп кету ықтималдығы шектен тыс басым; бойыңды ұстай алмай қалуың да мүмкін; ұйқышыл қылады; жүректі айнытады, құстырады; іш қатады; естен танып, құлап қалуың да мүмкін. Мұны қолданған спортшыны үш ай ішінде тексерсе, бірден байқалады.

Анаболиктер – жасанды және табиғи компонентер, адам ағзасына әсер ететін әрекеттері тестостерон еркек гормонына ұқсас. Спортшылар мұны бұлшық еттерін, күштерін және төзімділіктерін арттыру үшін қолданады. Намысты қайрай түседі. Неғұрлым ұзақ және қарқынды түрде жаттығуға қол жеткізуге болады. Зиянды әсерлері: еркектер үшін – бүйрекке зақым келтіреді, көкірек қуысы өседі; шаш түсе бастайды, аталық жұмыртқа қатаяды; белсіздікке (ұрықсыздыққа) және импотенцияғаұрындырады; безеу басып кетеді; ашушаң болып, төсек қатынасына деген «тәбет» күшейеді.

Әйелдер үшін – еркекке тән қасиеттер дами бастайды, тіпті бетті түк басады; дауыс ырғағы өзгереді; етеккір циклі өзгереді; ашушаңдық пайда болады. Стероидтар алты ай бойы ағзада қалып қоятындықтан, зәр арқылы мұндай допинг қолданғандар бірден әшкереленеді.

Диуретиктер – денеден сұйық шығаратын препараттар. Қолданыстағы түрлері: ацетазоламид, хлорталидон, триамтерин. Әлбетте бұлар салмақ куу үшін қолданылады. Сондай-ақ басқадай тыйым салынған препараттарды қолданғандарын білдірмеу үшін кеңінен пайдаланылады. Зәр айдағыш қасиеттерінің арқасында ағзадағы химиялық препараттар сыртқа тез шығарылады. Зиянды әсерлері – сусыздандырады; құрыстырады; басты ауыртады, бас айналады; жүрек айныйды; бүйрекке зақым келтіреді [6].

Пептидті гормондар және оған ұқсастар – белгілі бір функцияларды (атап айтқанда, қызыл қан

тәндерін өндіру мен ауырсынуды) бақылау үшін адам ағзасында пайдаланылған заттар. Жасанды жасалған түрлері де болады. Қолданыстағы түрлері: өсу гормондары, эритропоиетин. Өсу гормондары бұлшық ет пен күшті көбейтеді, жарақаттың тез жазылуы мен жаттығу жұмыстарынан кейін спортшының спорттық бабына тезірек келуіне көмектеседі. Эритропоиетин қанның оттегіні тезірек игеру қабілетін арттырады, бұл өз кезегінде спортшының неғұрлым ұзақ және қарқынды түрде жаттығып, бәсекеге түсуіне ықпал етеді. Өсу гормондарын көп пайдалану қолдың, аяқтың, бет пішін мен ішкі органдардың өсуіне кері әсерін тигізеді. Мұны медицинада акромегалия дейді. Эритропоиетинді көп қолдану қанның қоюлануына әкеп соғады, ал бұл өз кезегінде талмалы ауруға, инфарктқа ұшырауға, тіпті өліп кетуге ұласады.

Қан допингі – бұл спортшының қанының құрамындағы эритроциттер шамасын арттыру, осылайша қанның оттегіні тезірек игеру қабілеті күшейтіледі. Қолданыстағы түрлері: спортшының қанына донорлық эритроциттер құю. Сондай-ақ басқа да әдіс-тәсілдері бар: ірі жарыс-бәсекеге дейін екі-үш ай бұрын спортшыдан белгілі бір мөлшерде қан алынып (немесе нағыз спорттық бабына келген кезінде алынуы да мүмкін), бұл қан консервіленеді (зертханалық жағдайда сақталады), ал нақты керек кезінде әлгі қан ағзаға қайта құйылады. Мұны қолданудағы басты мақсат – қанның оттегіні игеруін күшейте түсу. Осындай жолмен қан допингін қолдану адамның ағзасы бір жаңа қалыпқа түскендей етеді. Әрі олар төзімді де, шыдамды бола түседі. Зиянды әсерлері – қан түйіршіктері пайда болады; қан айналым жүйесіне жүктеме түседі; аллергиялық реакциялар бүйрекке зақым келтіреді; инфекциялық аурулар таралады. Көпке дейін мұны анықтау мүмкін болмай келген, бірақ қазір «ағынды цитометрия» мұндай допинг қолданғандарды айна-қатесіз айқындап береді.

Фармокологиялық, химиялық және физикалық манипуляциялар – бұл зәр анализін бұрмалау үшін әртүрлі әдістер мен препараттар қолдану. Қолданыстағы түрлері: басқа адамның зәрін пайдалану (өткізу), эпитестостерон және бромантан қолдану. Спортшылар өздерінің зәрлерінің анализінде тыйым салынған препараттар бар екендігін жасыру үшін осындай әрекеттерге барады. Зиянды әсерлері тым аз. Мұны анықтау аса қиын емес, тек тексеруші шектен тыс мұқият болса болғаны [6].

Гендік терапия – бұл кейінгі кездегі химиктердің жаңа жетістігі. Себебі, уақыт өткен сайын өмір бір орында тұрмай, жаңа технологиялар жетілген үстіне жетіле түсуде. Гендік терапия – спортшы ағзасынан оның допинг қолданғандығын білдірмеу мақсатында ойланып шығарылған допинг түрі. Бұл ең әуелі бұлшық еттері сырқырайтын егде жастағы адамдар мен бұлшық еттері зақымданған адамдарды емдеу үшін шығарылған жаңа клиникалық сынақ еді. Мұнда сырқат адамның ағзасына синтетикалық ген енгізіледі. Бұлшық ет тіндерінің «құрылыс материалына» айналған синтетикалық генді бірнеше жылдардан соң табиғи гендерден айыру мүмкін болмай қалады екен. Алайда қазір медицинаның бұл жетістігі гендік допингке де айналып барады. Мұның артықшылығы синтетикалық ген өнімдері қан айналымына түспейді, енбейді. Сондықтан қан мен зәрден сынақ алынған кезде мұндай допинг қолданылғанын анықтау мүлде мүмкін емес. Осыған орай WADA ғалымдарға гендік терапияның спортқа енуіне тосқауыл болуларын өтініп, ұсыныс жасады. Допингке қарсы ірі ғылыми орталықтар осындай допингті бақылау әдістерін зерттеуде. Әзірше мұндай допинг қолданған адамдарға қандай зиянды әсерлері тиетіні де дөп басып айқындалмаған.

Спорттың түріне байланысты олар түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қарсы фармакологиялық: психостимуляциялаушыдан транвилизациялаушыға дейін, зәр айдап шығарудан кардиотропты әсер етуге дейін баруы мүмкін.

Сондықтан, допингтерді стимуляторлар деп атау қисынға келмейді.

Дәрілік заттардың алға қойған міндеттері мен әсер ету механизміне байланысты, олар бір рет немесе курстық қабылдау негізінде пайдаланылады.

Бұдан анаболикалық стероидтарды бір реттен, ал психостимуляторларды курспен қабылдау керек екендігі ешкімнің де ойына кіріп шықпайды.

Допингті олимпиада ойындарында пайдалану осы жарыстардың пайда болу кезінен, яғни б.з. 776 жылдан басталады. Ойынға қатысушылар галлюциногенді және ауырғанды басатын қозықұйрықтан жасалған экстракттарды, түрлі шөптер мен шараптарды қабылдаған. Бүгінде бұл препараттарға тыйым салынған болатын, алайда ертеректе және 1896 жылы Олимпиада ойындарының қайта жаңғыруынан кейін де атлеттерге препараттарды қабылдауға тыйым салынбаған болатын.

1896 жылғы бірінші қазіргі заманғы Олимпиада ойындарында спортшылар мол фармакологиялық, яғни кодеиннен стрихнинге дейінгі (өте күшті стимулятор болып табылатын) препараттармен қаруланып үлгергенді.

Допингті пайдаланудың жарқын мысалы болып 1904 жылғы Сент-Луис қаласында өткен

жарыстардағы американдық марафоншы Томас Хикс табылады. Ол өз қарсыластарынан бірнеше километрге оқ бойы озып тұрды. Оған әлі 20 км жүгіру керек болатын, алайда жүгіріп келе жатып ол талып қалады. Жаттықтырушылары марофоншыға әлде бір құпия препаратты ішкізген болатын, бұдан ол орнынан тұрып қайта жүгіре жөнеледі. Кейін Хикс стрихнин қосылған сусынды қабылдағаны белгілі болады [5].

Ал, допингтердің (анаболикалық стероидтардың) қазіргі заманғы тарихы 1954 жылы олимпиада ауыр атлеттерінің арасынан басталады. 1956 жылы «дианабол» допингтік препараты, кейінірек американдық атлеттердің арасында тағы да бір «анаболик» фармакологиялық препаратына жол аша отырып, алғаш рет Америка сауда-нарығында пайда болды. 1990 жылдың қараша айында америка заңымен «анаболикалық стероидтар» басқарылатын адам өміріне қауіпті препараттар классына жатқызылған болатын. Осыдан кейін мұндай препараттар спортшы-атлеттердің күнделікті жаттығулары мен жарыстарында кеңінен қолданыла бастады.

Халықаралық олимпиада комитетінің медициналық коммиссиясының (ХОК МК) қорытындыларына, мақалаларына қарағанда допингтер бүкіл елдерде қолданылады және қолданыла да береді. Бұған себеп болып жарыстарда жүлделі орын алуға деген спортшылардың зор ұмтылысы және спортшылар мен тренерлердің, спорт ұйымдарының, тұтас мемлекеттердің меркантильді қызығушылықтары табылады [1].

Допингтерді қабылдау спортшыларды түрлі ауытқуларға, тіпті өлімге дейін апарып соқтыруы мүмкін. Осы себепті және осыған орай, ХОК МК спортшылар бірыңғай қалыпты жағдайда болу керек деп бірқатар фармакологиялық препараттарды жаттығулар мен жарыстарда қолдануға тиым салды.

Кейбіреулер мұны адам құқықтарын аяққа таптау және әрбір спортшы қалай болсын, допингтермен немесе оларсыз да дайындалуға ерікті деп есептейді. Бұл жағдайда жарыс нәтижесі қай ел барынша күшті допингті немесе белгілі препараттарды қолданудың рационалды схемасын ойлап табумен байланысты болады, ал стадиондарда өз кезегінде спортшылар емес фармакологтар жарысатын болады.

Допинг ұғымына анықтама берудің себебіне байланысты қазіргі таңға дейін бірде бір нақты пікір жоқ, ал бұны анықтау өте маңызды, себебі допингті қолдану санкциялар, апеляциялар және сот тергеулерінің шығуына әкеп тірейді.

Сондықтан, берілген өрістің мәнін ашатын келесідей анықтама беруге болады: «Допинг деп ағзаға зиянды әсер ететін және осы зиянды заттарды анықтаудың арнайы әдістері бар, спорттық жұмыс белсенділігін арттыратын биологиялық белсенді затты, тәсілдер мен әдістерді айтады».

Допингтік заттар бірнеше топтарға бөлінеді: стимуляторлар, наркотикалық анальгетиктер, анаболиктер, диуретиктер, пептидті гормондар және олардың аналогтары, қан допингі мен фармакологиялық, химиялық және физикалық манипуляторлар.

АҚШ практикалық дәрігерлері мен тренерлері спортта жоғары нәтижеге, барынша тиімділікке жету және допингтік экспертиза қызметінің қорытындысынан кейін жарыстан алынып тасталынбау үшін «анаболиктер»: «қар бетіндегі иттің ізі» деп аталатын допингтерді қолданудың (егудің) арнайы әдістерін ойлап тапты.

Допингтер жайлы мыңдаған беттер жазылды, сонымен қоса бұл тұста қолдануға тиым салынбаған, зиянсыз өсімдік пен жануар тегінен шығарылатын препараттарды қалай қолдану керектігі жайлы, идеология мәселелері талқыланған бірде бір оқулық қазіргі таңға дейін жарық көрген жоқ.

Ендігі кезекте біз шыдамдылыққа, жылдамдыққа, күш-жігерге, физикалық ауыртпалықтың интенсивтілігін ескеретін координацияға әсер ететін фармакологиялық препараттар жайлы сөз етеміз.

Соңғы 15 жыл ішінде анықталғандай, түрлі елдерде спорттың түрлеріне байланысты келесідей допингтер қолданылады (кесте 1).

№	Туыстас спорт түрлері	Допингтер	Ауытқулар
1	Жылдамдық-күштік түрлер: ауыр атлетика; культуризм; жеңіл атлетикадағы, жүзудегі, конькимен сырғанаудағы, шаңғы жарысындағы спринтерлік дистанциялар.	Анаболикалық стероидтар, соматотропин, амфетамины, диуретиктер және т.б.	Кенет өзгерістер: зат алмасу, гормональды профиль, әйелдердегі маскулинизация және ерлердегі вирулизация.
2	Шыдамдылық басымдыққа ие болатын спорт түрлері: циклдық спорт түрлері: жүгіру, жүзу, шаңғы жарысы, велосипед жарысы, коникимен сырғанау (алыс дистанциялар).	Анаболикалық стероидтар, соматотропин, гонадотропин, қан допингі,	Бағдар мен ес жоғалту, өлімге әкеп соғу, гормональдық статустың өзгеруі және т.б.

		психостимуляторлар және т.б.	
3	Ойындық түрлер: футбол, баскетбол, регби, бейсбол, доп және шайба хоккейі және т.б.	Алкоголь, кокаин, героин, амфитомендер, марихуана және т.б.	Ес жоғалту, токсикологиялық әсерлер.
4	Күрделі координацияланған спорт түрлері: биіктікке секіру, суға секіру, мәнерлер сырғанау, гимнастика, семсерлесу және т.б.	Алкоголь, наркотикалық анальгетиктер, транквилизаторлар, бетаблокаторлар және т.б.	Наркологиялық тәуелділік, алкоголизм және т.б.
5	Жекпе-жек спорт түрлері: күрестік барлық түрлері, бокс, шығыс жекпе-жегі және т.б.	Наркотикалық анальгетиктер, марихуана, алкоголь және т.б.	Дәрілік тәуелділік, наркомания және т.б.

Кестеде келтірілген допингтердің тізімі қатып қалған препараттар емес, олар жыл сайын жаңа тізімдермен толықтырылуда.

Жалпы ХОК-нің допингтерге тыйым салудың хронологиясы келесідей:

1967 ж. – стимуляциялаушы заттар мен наркотикалық анальгетиктерге тыйым салынды;

1975 ж. – анаболикалық стероидтар;

1982 ж. – кофеин, тестостерон;

1984 ж. бастап – «қан допирнгі»;

1985 ж. – диуретиктер;

1986 ж. – бета-блокаторлар мен кортикостероидтар;

1987 ж. – пробенецид және өзге де бөгеттеуші және жасырушы фармакологиялық заттар;

1989 ж. – соматотропин;

1992 ж. – жаңа топ - «басқа анаболикалық агенттер» (мысалы, кленбутерол, салбутамол) ойлап табылған болатын.

Жоғарыда көрсетілген фармакологиялық препараттар мен олардың адам ағзасына тигізер әсерлері өскелең жас спортшылардың санасында ой тудыруына себепші болары сөзсіз. Яғни, мұндағы мәселе болып осы аталған препараттарды олардың не қолдануы, не қолданбауы табылады. Қолдануға әрине болмайды, себебі бұдан ағзаның репродуктивті функциясы бұзылады. Ал, бұл өз кезегінде қайтымсыз процеске, яғни соңында өлімге әкеп соғуы әбден мүмкін. Бұл процесс қалай жылдам өріс алады – ол жеке дара және әрбір нақты ағзаға тәуелді, бірақ, қай жағдайда болмасын бұл өте қарқынды процесс, себебі адам ағзасы өзінің ішкі ортасын үнемі қолдап, толықтырып отыруға тырысады. Егер, біз оған сырттан бір нәрсе тастайтын болсақ, онда ол бірден жалқаулана бастайды. Адамның тек өзі ғана жеткілікті деңгейде еріншек емес, сонымен қоса оның физиологиялық ортасы да еріншек бола бастайды: гормон ойлап табудың қажеті қанша, егер ол жеткілікті деңгейде ағзада болса? Үнемі қолданылатын дозаның мөлшері ағзаның өз этанол өндірісін бөгеттеп, нәтижесінде адам тәуелділікке ұшырайтын шын мәнісіндегі бұл жол алкоголизмге апаратын жолмен параллель болып есептеледі[2].

Сонымен қатар Қазақстанда Дене шынықтыру және спорт туралы жаңа заң жобасы допинг жөніндегі баппен толықты.

8-тарау. Дене шынықтыру және спорт саласын кадрлық, ғылыми және медициналық қамтамасыз ету және допингке қарсы бақылау.

44-бап. Спортта допингті, допингтік субстанцияларды және (немесе) әдістерді пайдалануға қарсы іс-қимыл

1. Спортта допингті болдырмау және онымен күрес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен допингке қарсы қағидаларға және халықаралық допингке қарсы ұйымдар бекіткен допингке қарсы қағидаларға (бұдан әрі – допингке қарсы қағидалар) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бір немесе бірнеше мынадай бұзушылықтар:

1) спортшының немесе спорттық жарысқа қатысатын жануардың допингті пайдалануы;

2) допингке қарсы қағидаларға сәйкес хабарлама алғаннан кейін спортшының сынама тапсыруға келуден бас тартуы, спортшының дәлелді себепсіз сынама тапсыруға келмеуі немесе спортшының сынама тапсырудан өзгеше түрде жалтаруы;

3) допингке қарсы қағидалардың жарыстан тыс кезеңде сынама алу үшін спортшының қолжетімді

болуына қатысты талаптарын бұзуы, оның ішінде оның тұратын жері туралы ақпаратты бермеу және оның тестілеуге қатысуға келмеуі;

4) допинг-бақылаудың кез келген сатысында бұрмалау немесе бұрмалауға әрекеттену;

5) Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің тыйым салынған субстанцияларын терапевтік пайдалану үшін Халықаралық стандарттарға сәйкес берілген тыйым салынған субстанцияларды және (немесе) тыйым салынған әдістерді, оларды терапевтік пайдалануға рұқсатсыз иелік ету;

6) допинг туралы үгіт-ақпаратты тарату допингке қарсы қағидаларды бұзу болып табылады.

3. Спортшылардың, сондай-ақ жаттықтырушылардың, спорттық медицина бойынша мамандардың, дене шынықтыру және спорт саласындағы өзге де мамандардың спортшыларға қатысты, сондай-ақ спорттық жарыстарға қатысатын жануарларға қатысты допингке қарсы қағидаларды бұзуына жол берілмейді. Спортшының, сондай-ақ спорттық жарысқа қатысатын жануарларға қатысты допингті пайдалану фактісі Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік аккредиттеген зертханаларда жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша расталады [7].

4. Допинг-бақылау тест өткізуді жоспарлауды, сынамалар алуды, оларды сақтауды, тасымалдауды, сынамаларды зертханалық талдауды, тестілеуден кейінгі рәсімдерді, сондай-ақ тиісті тыңдаулар мен апелляцияларды қарауды қамтитын процесті білдіреді.

5. Допинг-бақылау (тестілеу) рәсімі жарыс кезеңінде де, жарыстан тыс кезеңде де жүзеге асырылады. Жарыс кезеңі деп егер тиісті спорт түрі бойынша халықаралық спорт федерациясы қағидасымен немесе өзге де халықаралық допингке қарсы ұйыммен не Ұлттық допингке қарсы орталықпен өзгеше көзделмесе, спортшының және (немесе) жануардың нақты жарысқа қатысуымен байланысты кезең түсініледі. Жарыс кезеңіне қосылмаған уақыт жарыстан тыс кезең болып табылады.

6. Допингті пайдалануға қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар:

1) допинг-бақылау жүргізуді;

2) спортшылардың, жаттықтырушылардың, дене шынықтыру және спорт саласындағы өзге де мамандардың допингке қарсы қағидаларды бұзғаны үшін жауаптылығын белгілеуді;

3) допингті қолданудың алдын алуды;

4) допинг-бақылауды жүргізетін мамандардың біліктілігін арттыруды;

5) бұқаралық ақпарат құралдарында допингке қарсы насихат жүргізуді;

6) спортта допингтің болдырмауға және онымен күресуге бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізуді;

7) спортшылардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру құралдары мен әдістерін әзірлеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуді;

8) құрамына тыйым салынған субстанцияларды қосу арқылы дәрілік заттар мен тағамдық қоспаларды бұрмалағаны, осындай дәрілік заттар мен тағамдық қоспаларды өткізгені үшін, сондай-ақ тыйым салынған субстанцияларды әзірлеу, дайындау, пайдалану тәсілдері, әдістері және оларды сатып алу орындары туралы мәліметтерді таратуға бағытталған қызмет үшін жауаптылықты белгілеуді;

9) допинг-бақылау жүргізу тәртібінде көзделген допинг-бақылау жүргізу шарттарын бұзғаны үшін дене шынықтыру-спорт ұйымдарының жауаптылығын белгілеуді;

10) спортта допингті болдырмау және онымен күрес саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруды қамтиды [7].

7. Спорттық жарыстарды ұйымдастырушылар халықаралық спорт ұйымдарының талаптары мен шешімдерін және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, міндетті допингтік бақылауды жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.

1. Базулько, А.С. Биохимические основы спортивной мышечной деятельности: Учеб. Пособие для вузов / А.С. Базулько. – Мн.: Армита – Маркетинг, Менеджмент, 2007. – 84 с.

2. Биохимия мышечной деятельности: Учеб. Для вузов / Волков Н.И., Несин Э.Н., Осипенко А.А., Корсун С.Н. - Киев: Олимпийская литература, 2000. – 503 с.

3. Международные нормативно – правовые документы по антидопинговому контролю. – Мн.: Четыре четверти, 2008. – 55 с.

4. Уилмор, Дж. Х. Физиология спорта и двигательной активности: Пер. с англ. / Дж. Х. Уилмор, Д. Л. Костилл. – Киев: Олимпийская литература, 2007. – 503 с.

5. Интернет сайттары:

6. www.medmedia.ru

7. www. Edugov.kz

Н. Төлегенұлы – магистр аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

«Допинг қолданудың шетелдік тәжірибесі және оның ағзаға тигізер әсері»

Н. Төлегенұлы – магистр сттарший преподаватель, Каз НПУ имени Абая
«Практика использования допинга в зарубежных странах и его влияние на организм»

УДК 37.018.17

ОТБАСЫ - ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ

Ш. Болатқызы - *Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ,*
Қ.Б. Еген - *Дене мәдениеті және спорт мамандығының 1 курс студенті*
Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада әлеуметтік институт ретінде отбасының бала тәрбиесіндегі алатын ролі баяндалған. Сондай-ақ отбасы тәрбиесінің мақсаты мен одан туындайтын негізгі міндеттері, әдістері, сонымен қатар балаға жарық дүниеге келген күннен бастап азамат болып қалыптасуына дейінгі аралықта берілетін тәрбиенің бірнеше кезеңдері берілген.
Тірек сөздер: тәрбие, отбасы тәрбиесі, әлеуметтік институт, тәрбиенің мақсаты, тәрбиенің міндеттері, тәрбие әдістері, қалыптасу, халық тәрбиесі.

В данной статье рассматривается роль семьи как социальный институт в процессе воспитании ребенка. Рассматриваются сущность и методы семейного воспитания. А также излагается цели и основные задачи семейного воспитания в период с момента рождении и до становления личности.
Ключевые слова: воспитание, семейное воспитание, социальный институт, цель воспитания, задачи воспитания, методы воспитания, формирование, народное воспитание.

This article examines the role of the family as a social institution in the education of the child. The essence and methods of family education. And also outlines the objectives and main tasks of family education in the period from birth to becoming a person.
Keywords: education, family education, social institution, the purpose of education, training objectives, methods of education, formation, popular education.

Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беретін тәрбие мектебінен нәр алады. Бала тәрбиесі бұл игілікті іс. Әр ата-ана балаларын өнегелі сөзімен, жеке басының тәрбиесімен тәрбиелейді. Отбасы адам тәрбиесі үшін ең жақын әлеуметтік орта болып табылады. Бүгінгі күн жастарын азамат етіп тәрбиелеу отбасы жауапкершілігін тағы да арттыра түсуде. Себебі, бала саналықтың сипатын өмірге келген күннен бастап сол отбасында бойына сіңіреді. Кейіннен мектеп, қоршаған орта және қоғамдағы болып жатқан әр түрлі жағдайлардың әсерімен қалыптасады. Біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бір ғана отбасының, балабақшаның немесе мектептің үлкен өмірлік мектебінен, ол бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам айналысатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып отыр. Баланы есті, саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден-бір парызы.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты - баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды, жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Сондай-ақ болашақ азаматтарды ізгілікке, өмірдегі өз орнын таба білуге, кездесетін қиындықтарды жеңе білуге үйрету болып табылады. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттер арқылы шешіледі:

- баланың денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру;
- баланы еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке деген құлшынысын арттыру, өзіне-өзі қызмет етуге үйрету;
- отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым-қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету;
- өнерге, білім, ғылым, мәдениетке тәрбиелеу;
- адамгершілікке, ізеттілікке, ойшылдыққа тәрбиелеу және т.б.

Бұл міндеттердің барлығы жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім-тәрбие беріледі. Педагогтардың есептеулері бойынша, ана құрсағында пайда болып, жарық дүниеге келген күннен бастап азамат болып қалыптасуға дейінгі аралықта балаға берілетін тәрбие бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Атап өтетін болсақ:

Бірінші кезең - тоғыз ай мерзім ішіндегі жүрек тәрбиесі. Яғни, сәбиге деген ата-ана махаббаты ол жарық дүниеге келместен бұрын, ана құрсағында жатқан күннен басталуы керек. Ана құрсағында бала

ата-ананың жан сезімін, махаббатын сезініп, жүрек тәрбиесі арқылы өсіп жетіліп, жарық дүниеге келеді.

Екінші кезең - туылғаннан бастап бес жасқа дейінгі тәрбие. Осыған байланысты А.С.Макаренко: «Тәрбиенің негізі 5 жасқа дейін қолданылады, 5 жасқа дейін жүргізген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл тәрбие процесінің 90 пайызы» деген екен.

Үшінші кезең - 5 жастан 15 жасқа дейінгі мектеп жасындағы тәрбие – адамгершілік тәрбиесі. Бұл кезеңде баланы тәрбиелеуде отбасы ғана емес, мұғалім мен қоршаған ортасының да әсері бар.

Төртінші кезең - 15 жастан 17 жасқа дейінгі азаматтық және адамдық тәрбие. Азаматтық тәрбие қоғам мүшелерін өзара үйлесімді өмір сүруге тәрбиелеу болып табылады. Бұл кезеңде бала өзіндік шешім қабылдай алуға, батыл, келісе әрекет етуге тәрбиеленеді.

«Балаларды тәрбиелей отырып, ата-аналар еліміздің болашақ тарихын, демек, дүниенің тарихында тәрбиелейді» деп А.С.Макаренко айтқандай, бала бойындағы бар адами қасиеттерді жетілдіру үйдегі ата-ананың негізгі міндеті болып табылады. Отбасы тәрбиесі ата-аналар мен отбасы мүшелерінің тарапына жасалатын ықпал процестері. Отбасы белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі және жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Бала тәрбиесі отбасының жүйелі түрде жүргізген жұмысының нәтижесі. Өйткені баланың уақытын дұрыс ұйымдастыра білу, оның мектепте алған тәлім-тәрбиесінің қалыптасып, отбасында жалғасын табуы бәрі де ата-ананың басшылығы арқылы жүзеге асырылады. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени - әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бірін-бірі құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі болып табылады. Әрбір ата-ана өз баласының Отанының, елінің асыл азаматы болуын аңсап армандайды. Отбасы халық тәрбиесінен үнемі нәр алып отырады. Халық тәрбиесі - отбасы тәрбиесінің негізгі бастауы. Қазақ отбасындағы тәрбие халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Өнегелі үлкендерге ұқсасын деп, дарынды, өнерлі, ақылды ақсақалдарға баланың аузына түкіртіп, азан шақыртып, атын қойғызады. «Ақылын, жасын берсін» деп, жаңа туған нәрестені қарияның шапанының етегіне орайды. Ұрпағы өскен қадірлі анаға кіндігін кестіреді, бесікке салдырады, қырқынан шығарту ырымдарын жасатады, тұсауын кескізеді. Үлкендерден бата алғызады. Міне осы халықтың балаға арналған ырым мен бата-тілектерінде келешектен күткен үлкен үміт, аңсау арман бейнеленген. Тәрбиенің алғашқы қағидасы ата-ананың аңсау арманымен, баладан күтер үмітімен үндесіп жатқан. Баланың жастайынан еңбексүйгіш, ақылды азамат етіп тәрбиелеу бесік жырлары мен тұсау кесер жырларынан, бата, тілек, терме өлеңдерінен өзекті орын алып отырған. Еңбек қағидаларын жастардың бойына сіңіру отбасындағы еңбектің қарапайым түрлерінен басталып, қоғамдық маңызды істермен ұштасқан. Ұл баланы қозы, лақ қайтаруға, отын-су әзірлеуге, қора салу, ұсталық зергерлік өнерге үйрету т.б. көзделсе, ал қыз балаларды ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, шай құю, төсек жинау, кесте, өрмек тоқу, ас пісіру, бала күту, қонақ күту сияқты т.б. үйреткен. Міне, осы салттардың бәрі қазақ халқының отбасында жүзеге асырылады, ғасырдан-ғасырға жалғасады. Қазақ отбасында баласының руын, шыққан тегін, ағайын-туысқандарын, нағашысын, жеті атасын әрдайым айтып отырған. Сондай-ақ отбасында әрдайым адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, экономикалық, экологиялық, құқықтық тәрбиелері жүргізілген. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы - ата-анасы болып табылады. Отбасында баланы дұрыс тәрбиелеу әр ата-ананың қоғам алдындағы борышы. Халқымызда «Ақ жүрек әке – күншуақ, ақ жүрек ана – ақбұлақ», «Әкем – асқар тауым», «Әкеден артық орман жоқ, әкеден артық қорған жоқ, әкеден артық дана жоқ, әкеден артық пана жоқ», «Анаңның алдында асқар тау да аласа», «Әке сөзі – парыз, ана сүті – қарыз», Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» дейді. Ата-ана да өздері отбасын құрған кезде бір-біріне деген шексіз сүйіспеншілікпен, махаббаттық сезімдері табысқан кезде қалыптасады. Әке мен ананың арсындағы сыйластық, өз ара түсінушілік, олардың бір-бірін ұғынысуы, сыйласуы, қандай мәселер болсын, материалдық, әлеуметтік, қоғамдық және экономикалық мәселерді шешуде пайымды шешімдер тауып жатса, бұл отбасының берекесі мен берері де мол болатны мәлім. осы мәселе қазіргі кезде еуропалық дәстүрге көбірек бой ұрып барады. Яғни қазақ болмыстан айырылып, бала тәрбиесі, отбасы берекесі келесіз жәйттерге бой ұрындыра бастады. Ата-аналардың татулығы отбасының күре тамыры болып табылады. Өйткені ол балаға берілетін тәрбие және әлеуметтік мәселелердің тууына әкеп соқтыратын осыдан туындап жатады. Ал олардың атқаратын міндеттері шексіз. Ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше. Әке ұлына өзінің бар өнерін, естіп-білген білімін түгел үйретуге тырысады. Ал ұл

бала өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеп, одан үйренетін болған. Балаға, әсіресе, ана өте жақын келеді. Ана - бала тәрбиесіндегі маңызды тұлға. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады дегендей адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен беріледі. Сондай-ақ ананың балаға деген ана махаббаты «бесік жырлары» арқылы берілген. Ана бөпесін бесікке бөлерде ең алдымен бесік жырын айтады, сол арқылы балаға деген сүйіспеншілігін білдірген. Қазақ отбасында мынадай қағидалар ұстанған: балаға ат қою, баланың тілін-ойын дамыту, денсаулықты сақтауға көңіл бөлу, отбасында балаға қатысты мерекелерді атап өту, отбасылық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, баланың жынысына қарай тәрбие беру, білім алуына, мамандық алуына мүмкіндік жасау, дүниетанымын қалыптастыруға үйрету, туысқандық сыйластықты ұғындыру, көршімен тату болуға үйрету, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді отбасында қалыптастыру. Бұл ережелер әрдайым тәлімдік мән-мағынаға ие болып қала бермек. Сондай-ақ бала тәрбиесінде ата-әжесінің ролі орасан зор. «Ата - елдің бірлігін, болашағын ойлайтын дана қария», «Аталы сөз – баталы сөз», «Халықтың қартын сыйлауы - елінің салтын сыйлауы» дейді дана халқымыз. Әже - әке-шешенің анасы. Қазақ әжесін ақ жаулықты, алақаны алтын, аяулы, ардақты, мейірімді жан дейді. Ол - жанұя бірлігін сақтаушы, балалардың тәрбиешісі, ақылшысы.

Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындау сияқты, ал балаларының алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады. Бүгінгі таңдағы отбасы тәрбиесінде қоғам ата-аналар алдына үлкен жауапкершілікті жүктеп отыр. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. Балалар ата-анасының еңбектегі ісіне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап жағдайларын біліп отырады. Отбасының берік негізі міне, осы рухани мүдденің бірлігінде. Оның біртұтас ынтымақта болуы, береке бірлігі ең алдымен ата-ана мүддесінің мәні мен мағынасында, әке мен шешенің бір-біріне, балаларына, олардың достары мен жолдастарына деген қарым-қатынасына байланысты болады. Адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың адамдармен қарым-қатынас жасауы, қоғамға енуі отбасынан басталады. Сондай-ақ, отбасының баланың дамуы мен қальштасуы процесіндегі ролі де ерекше. Отбасында тұрмыстың белгілі жағдайлары жасалады, мәдени орта қальштасады, сезімдік күйлер орнығады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» дегендей бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізі отбасында мектепке дейінгі жаста қаланады. Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі туралы чехтың ұлы педагогы Ян Амос Коменский еңбектерінің төрінен орын алған. Ол тәрбие негізі ретінде отбасын бөліп қарастырып, оны білім беру жүйесінің алғашқы сатысы «Ана мектебі» деп көрсетеді. Өйткені, бала адамгершіліктің негізгі түсініктерін отбасында альш, алғашқы адамдық қасиеттерін отбасында қалыптастырады. Я. А. Коменский отбасын тәрбиенің белгілі бір мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған сатысы деп санады. Мұндағы жұмыстың мазмұны ананың белгілі бір деңгейдегі білімділігін талап етумен қатар тәрбиелеу мен оқытудың қарапайым әдіс-тәсілдерінен хабардар болуына байланысты. Сондықтан отбасы тәрбиесі «Ана мектебі» жүйесіне енді. Осыған сәйкес отбасында баланы тәрбиелеуді педагогикалық жағынан қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Ал орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский баланы дұрыс тәрбиелеу туралы былай деп жазады: «Адамның жеке қара басы біреудің жеке басының қалыптасуына және дамуына әсер ете алады, мінезді қалыптастыру үшін де мінезбен әсер ету керек», деген. Бала тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол үлкен шеберлік пен шыдамдылықты талап етеді. Сондай-ақ орыстың көрнекті педагогы А.С. Макаренконың айтуынша: «Отбасы – адам өмірінің тамаша жүзеге асатын... адамның ең бақытты шаттығы болып саналатын балалардың өсіп, өмір сүретін орны» болы табылады.

Қазақтың ұлы ойшылы Абай балалардың дүниеге деген көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының, отбасы тәрбиесінің рөлін жоғары бағалаған. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінезін қалыптастыруда отбасының рөлін айрықша екенін айта келе, Абай балаларды ең алдымен отбасында тәрбиелеуді ұсынды. Балаларды тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздері, дұрыс тәрбиеленген болуы керек, деп түйіндейді. «Адамның адамшылығы - ақыл, ғалым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген ойы міне осыдан шыққан болар. Абай жастарды үнемі достық, татулық, әділеттілік, бауырмалдылық сияқты адамгершілік қасиеттерге баулуға шақырған. Әлемінің кең өріс алуы,

оның поэзиясы мен әлеуметтік, оқу-тәрбиесі, ағартушылық көзқарасының әлеуметтік сипат алуында болды. Жастарды тәрбиелеудің әралуан жолдары мен тәсілдерін ең алдымен үй ішінде тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Адам баласының әдепті, адамгершілігі мол, еңбекқор, саналы және білімді болуына ең бірінші ата-анасына байланысты болатынын баса айтты.

Отбасы - қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын кешенді әлеуметтік институт. Сонымен қатар белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады.

1. *Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 2000.*
2. *С.Қоңырбаева. Отбасы: бала мен ата-ана. Алматы, 2006.*
3. *Қ. Сейталиев. Педагогика тарихы. Алматы, 2008.*
4. *Педагогика: көрнекі дәрістер жинағы. Алматы, 2009.*

Ш. Болатқызы - магистр, аға оқытушы,
Қ.Б. Еген – «Дене мәдениеті және спорт мамандығының» 1 курс студенті, *Абай атындағы ҚазҰПУ*
«Отбасы - әлеуметтік институт»

Ш. Болатқызы - магистр, старший преподаватель,
Қ.Б. Еген – студент 1-курса специальности «Физическая культура и спорт» КазНПУ имени Абая
«Семья как социальный институт»

УДК: 796.853.23

ОСОБЕННОСТИ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДЗЮДО

Ибраева М.К. *–магистр, старший преподователь кафедры ТиМФК*
Шамилов Х. *– студент 1-курса специальности Физическая культура и спорт, КазНПУ им. Абая.*

В данной статье рассматриваются некоторые особенности становления и развития дзюдо. Представляются принципы поведения дзюдоиста в повседневной жизни и этапы развития отечественного дзюдо.
Ключевые слова: дзюдо, кодекс чести дзюдоиста, мировые мастера, Международный календар дзюдо, принципов поведения дзюдоиста

Мақалада дзюдоның қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелері қарастырылады. Күнделікті өмірде дзюдошылардың іс-әрекет үрдістері және отандық дзюдоның даму этаптары туралы айтылады.
Түйін сөздер: дзюдо, дзюдошылардың ар-ұят кодексі, әлемдік шеберлер, дзюдоның әлемдік кестесі, дзюдошылардың мінез-құлық тәртібі.

This article discusses some features of the formation and development of judo. Presented the principles of conduct judoka in everyday life and the stages of development of the domestic judo.
Keywords: judo, judoka code of honor, world masters, the International Judo calendar, judo principles of behavior

Современное развитие спортивной борьбы дзюдо характеризуется возрастанием конкуренции на международной арене, повышением требований к технико-тактической подготовленности, особенно в связи с изменением условий соревновательной деятельности, обусловленных постоянным совершенствованием правил соревнований.

Основатель борьбы, *Дзигоро Кано,* рассматривал свое искусство как средство формирования гармонично развитой личности. Он считал, что дзюдо – не столько защита без оружия, сколько философия повседневной жизни.

В лекциях Дзигоро Кано выделял также 5 принципов поведения дзюдоиста в повседневной жизни:

- владей инициативой в любом начинании;
- внимательно наблюдай за собой и обстоятельствами повседневной жизни, внимательно наблюдай за другими людьми, внимательно наблюдай за всем окружающим;
- осмысливай полностью, действуй решительно;
- знай меру;
- держись середины между радостью и подавленностью, самоистязанием и ленью, безрассудной бравадой и жалкой трусостью.

Кодекс чести дзюдоиста включает в себя такие качества, как:

- вежливость,
- смелость,
- искренность,
- честность,
- скромность,
- самоконтроль,
- верность в дружбе,
- уважение к окружающим.

При поступлении в школу ученик дает клятву:

Я не брошу учебы без уважительной причины.

Я не опозорю дзюдо и свою школу.

Без разрешения учителя я никому не открою секретов, которым меня научили.

Как ученик я буду следовать законам дзюдо и моей школы и буду соблюдать их, если стану учителем.

Техника дзюдо традиционно делится на 3 раздела:

- техника бросков (нагэ-вадза);
- техника сковывания (катамэ-вадза);
- техника нанесения ударов в уязвимые точки тела (атэми-вадза).

Броски в дзюдо сопровождаются подсечками, подножками, зацепами, подхватами, переворотами, рывками и толчками и делятся на:

- проводимые из стойки (тати-вадза);
- проводимые с падением (сутэми-вадза).

Проводимые из стойки броски, в свою очередь, делятся на:

- проводимые в основном руками (тэ-вадза);
- проводимые в основном тазобедренным суставом (коси-вадза);
- проводимые в основном ногами (асивадза).

Проводимые с падением броски делятся на:

- броски с падением на спину (масутэми-вадза);
- броски с падением на бок (ёко-сутэми-вадза).

Техника сковывания (катамэ-вадза) делится на:

- удержания (осаэкоми-вадза);
- удушения (симэ-вадза);
- болевые приемы на суставы: локоть, колено и кисть (кансэцу-вадза).

Техника нанесения ударов в уязвимые точки тела (атэми-вадза) делится на:

- удары руками (удэ-атэ);
- удары ногами (аси-атэ);
- удары головой (атама-атэ).

В спортивном дзюдо удары запрещены. Также запрещены захваты руками за ноги, болевые воздействия на глаза, рот и нос, болевые и удушающие приемы в стойке. В борьбе в партере разрешены болевые приемы только на локтевой сустав.

Летопись казахстанского дзюдо

История отечественного дзюдо вмещает в себя немало славных страниц. Федерация дзюдо Казахстана была создана в 1973-м году. Силовые виды спорта, когда один человек в поединке противостоит другому,

